ҰӘК, құс және фон класстарын жіктеу үшін Arne Schumann және т.б. [5] төрт үйірткілі және екі толық байланысқан қабаттардан тұратын қарапайым CNN классификаторын қолданса, Saqib және т.б. [6] ZF [7], VGG-16 [8] классификаторларын қарастырды. Авторлар [9] жұмыста Inception v2 және ResNet-101 CNN архитектуралары негізінде Faster R-CNN және Inception v2 негізінде SSD сияқты танымал deep learning негізіндегі нысанды анықтау әдістерінің көмегімен қашықтықтан бейне бақылаудағы шағын дрондарды анықтау мәселесін қарастырды. Celine Craye және т.б. [10] өте кіші нысандарды анықтау мәселесін шешу үшін жалғыз нысанды анықтау детекторының орнына потенциалды нысандарды U-Net [11] семантикалық сегменттеу желісімен локализациялайтын және анықталған нысанды ResNetv2 [12] желісімен жіктейтін екі үйірткілі нейрондық желілерді қолданатын кеңістіктік-уақыттық семантикалық сегменттеу әдісін ұсынды.

3 Үйірткілі нейрондық желілер

Визуалды бейнені талдауда жиі қолданылатын әйгілі терең *үйірткілі нейрондық желі* (CNN) негізгі үш қабаттан тұрады: үйірткілі қабат (*Conv*), *pooling* және толық байланысқан қабат (*FC*) [13] (3-сурет). *Үйірткілі қабаттар* CNN моделінің негізгі құрушы блоктары болып табылады. Үйірткі (*Convolution*) – екі ақпарат жиынтығын біріктіруге арналған математикалық операция. Үйірткілі қабаттар *фильтрлер* мен *белгі карталарынан* (feature maps) тұрады [13]. Фильтрді кіріс бойымен сырғыту (sliding) арқылы үйірткі операциясын орындаймыз. Әрбір орында матрицалардың элемент бойынша көбейтіндісі орындалып, нәтижесі қосылады. Бұл қосынды белгілер картасына енгізіледі. Яғни, үйретілген фильтрлер кіріс суреттегі маңызды белгілерді шығару үшін қолданылса, ал белгілер картасы (feature map) алдыңғы қабатқа қолданылған фильтрдің шығысы болып табылады. Үйірткі операциясын орындайтын фильтр өлшемі үнемі тақ сандық өлшем болады (1x1, 3x3, 5x5, 7x7 немесе 11x11) [14].



Сурет 1 – CNN архитектурасының сұлбасы

Терең оқыту әдетте сызықтық емес тапсырмаларды шешу үшін қолданылады. Үйірткілі қабаттағы матрицалардың көбейтіндісінен алынған мәндер сызықты болып келеді. Мәндерді сызықтық емеске түрлендіру үшін әдетте әрбір үйірткілі қабаттан соң сызықтық емес *белсендіру қызметі* (elu, selu, relu, tanh, sigmoid және т.б.) қолданылады [15]. Pooling қабаты CNN архитектурасына периодты түрде енгізіліп тұрады. Оның негізгі функциясы – тордағы максималды пиксель мәндерін алу арқылы сурет өлшемін азайту және әрбір белгілер картасын тығыздау. Pooling операциясының екі түрі болады: *Average* және *Max*. Жиі қолданылатыны – *Max pooling*. *Max pooling* жағдайында stride=2 қадаммен 2x2 өлшемді терезе арқылы кіріс белгілер картасының ең үлкен элементтері алынады және шығыста екі есе кіші өлшемдегі белгілер картасы шығарылады. Жоғарыдағы процесстерден өткеннен соң модель белгілерді түсінуге қабілетті болады. *Үйірткілі, белсендіру, pooling* қабаттарынан кейін толық байланысқан қабат (FC) келеді. Conv және Pooling қабаттарының шығысы үнемі 3D көлемін құрайды, ал толық байланысқан қабат (FC) сандардың 1D

векторын күтеді. Сондықтан біз соңғы *pooling* қабатының шығысын векторға тегістейміз және ол толық байланысқан қабаттың (FC) кірісіне айналады. Әрі қарай ол классификацияны орындайтын нейрондық желінің түйіндеріне енгізіледі.

4 Эксперимент және нәтижелер

4.1 Деректерді дайындау және өңдеу


Төмендегі 1-суретте көрсетілгендей классификация белгілері фон, ҰӘК, құс болып табылады және эксперимент барысында жалпы саны 11 128 (оның ішінде 2002 фон, 4998 ҰӘК және 4133 құс) суреттен тұратын деректер жиынтығы қолданылды. Деректер жиынтығындағы суреттердің 70%-ы оқыту (training), 15%-ы тексеру (validation) және 15%-ы тестілеу (testing) үшін пайдаланылды.



Сурет 2 – Үш классқа арналған деректер жиынтығы

4.3 Ұсынылған CNN классификаторын оқыту


Төменде көрсетілген 3-а суретте 13 үйірткілі (conv) және 3 толық байланысқан (FC), яғни жалпы саны 16 қабаттан тұратын негізгі түпнұсқа VGG-16 моделі келтірілген.



а)

VGG-16 деп аталу себебі қабаттар санына байланысты. Кіріс суреттің өлшемі 224x224, және шығыста softmax активациялық функциясы 1000 классқа жіктеу үшін ImageNet деректер жиынтығын қолданады. Яғни, тікелей түпнұсқа модельді қолдансақ, 1000 классқа дейінгі нысандарды классификациялай аламыз. Алайда, зерттеу ҰӘК, құс және фон деп аталатын үш белгіні ғана анықтауы тиіс, сондықтан CNN моделін тек 3 классқа бейімдеп өзгертеміз. Сондай-ақ, ұсынған модельдің күрделілігін азайту және модельдің шектен тыс детальдарды үйреніп кетпеуі, яғни *асқын оқытудың* (overfitting) алдын алу үшін FC-1, FC-2 толық байланысқан қабаттарынан соң 0.5 ықтималдыққа тең Dropout-1 және 0.3 ықтималдыққа тең Dropout-2 қабаттарын қостық. Яғни, dropout қабатын іске қосу арқылы, модельді оқыту кезінде 0.5 және 0.3 ықтималдықтағы белгілі бір нейрондарды ажыратамыз немесе оларды ескермейміз. Dropout тек модельді оқыту кезінде ғана қолданылады. Түпнұсқа VGG-16 моделі 138 миллион оқытылатын параметрлерден тұрады. Яғни, бұл өте ауыр және нөлден бастап оқытатын болсақ, модельді оқыту өте ұзақ уақытты алады. Сондықтан, алдын ала үйретілген Imagenet салмақтарын қолданып, тек толық байланысқан қабаттар ғана


оқытылады. Нәтижесінде, модельді оқыту үшін 2.5 миллион үйретілетін параметрлер ғана қолданылады.



ә)

Сурет 3 – түпнұсқа VGG-16 (а) және модификацияланған VGG-16 (ә) модельдері

Ұсынылған CNN моделі фон, ҰӘК және құс деп аталатын үш класс бойынша деректер жиынтығының 70%-ы, яғни жалпы саны 7616 сурет оқытылды және оқыту дәлдігі (training accuracy) 99.91 % көрсетті. Оқытылған модельді тексеру үшін деректер жиынтығының 15%-ы, яғни 1755 суретке тексерілді және тексеру дәлдігі (validation accuracy) 99.37 % тең болды. Эпоха – модельдің бүкіл деректер жиынтығына қанша рет оқытылып үйретілгендігін көрсетеді. Бұл жұмыста эпоха саны 50-ге тең деп алынды. Жоғарыдағы 1-суретте көрсетілген оқыту және тексеру классификация дәлдіктерінің эпоха санына тәуелділік графигінен модельді оқыту үшін 30 эпоха да жеткілікті екендігін байқауға болады.



Сурет 4 – Жүргізілген 50 эпоха бойынша оқыту және тексеру классификация дәлдіктері

Өте аз эпоха санымен оқытылған модельді оқыту деректердің ерекшеліктері мен белгілерін жеткіліксіз үйреніп, нәтижесінде жаңа деректерді классификациялау кезінде өте нашар нәтижені көрсетуі мүмкін. Машиналық оқытуда бұл жағдай *underfitting* деп аталады, яғни оқытылатын деректер саны аз немесе деректер өте аз эпохта жеткіліксіз оқытылғандығын білдіреді. Ал керісінше, модель өте көп эпоха санымен оқытылған жағдайда, модель оқытылатын деректерді детальді түрде шуылдарына дейін үйреніп, жаңа дерекке тексерген кезде бұл модель сенімсіз болуы мүмкін. Машиналық оқытудағы бұл жағдай *overfitting* деп аталады. Сондай-ақ, loss функциясының неғұрлым төмен мәнде болуы модельдің сенімділігін білдіреді. Эксперимент нәтижесі бойынша соңғы эпохадағы тексеру loss функциясы 0,0507 мәнін көрсетіп тұр.

Тек осы нәтиже арқылы модельді бағалау жеткіліксіз. Модельдің сенімділігін бағалау үшін оның оқытылып үйретілмеген, яғни жаңа деректерді қаншалықты дұрыс болжайтынын тестілеу қажет. Эксперимент нәтижесінде тестілеу кезіндегі классификация дәлдігі 99.317 % көрсетсе, ал loss функциясының мәні өз кезегінде 0,06 тең болды.

Алайда, ұсынылған модельдің қаншалықты дұрыс жұмыс жасап жатқандығын бағалау мұнымен ғана шектелмеуі тиіс. Моделіміздің үйретілмеген, жаңа деректерді қаншалықты дұрыс болжайтынын немесе классификациялайтынын көрсететін тағы екі тәсіл бар. Олардың бірі – классификация метрикасы (classification metrics) болса, екіншісі жаңылысу матрицасы (confusion matrix) болып табылады.

Классификация метрикасын қолдану үшін тестілік деректер басқа сандық форматқа, яғни ұяшық (*numpy*) массивіне түрлендіріледі. Нақты нәтижені алу үшін осы түрлендірілген кодты енгізілген классификация метрикасы арқылы жүргіземіз. Дәл осы жерде фон, ҰӘК және құс класс атаулары енгізіледі.

Кесте 1 – Классификация метрикасы

Класс атаулары	Дәлдік (Precision)	Recall	F-1 бағалау	Support
Фон (<i>background</i>)	0.98	0.99	0.99	309
Құс (<i>bird</i>)	1.00	0.99	1.00	700
ҰӘК (<i>drone</i>)	0.99	0.99	0.99	748

Кестедегі Precision өлшемі тек қана позитивті болжамдарды ғана ескерсе, Recall өлшемі позитивті де, негативті де болжамдарды есепке алады. Сәйкесінше оларды есептеу үшін келесі формулалар қолданылады:

$$Precision = \frac{TP}{TP + FP} \quad (1)$$


$$Recall = \frac{TP}{TP + FN} \quad (2)$$

Классификация метрикасындағы маңызды параметрлердің бірі *F1-бағалау* (F1-score) болып саналады, яғни ол жоғарыда аталған Precision және Recall параметрлерін бірге қарастырады. F1-бағалау мәні неғұрлым жоғары болса, соғұрлым модель сенімді болады. Дәлдік (Precision) және Recall мәндері арқылы F1-бағалауды төмендегі формула арқылы анықтауға болады:

$$F1 = 2 \cdot \frac{Precision \cdot Recall}{Precision + Recall} \quad (3)$$


Модельді бағалаудың келесі тәсілі – жаңылысу матрицасын (confusion matrix) тұрғызу. Жасалынған *ұяшық (numpy) массиві* деректер фреймінің ішінде орнатылатыны, өйткені жаңылысу матрицасы деректер фреймінде жақсы жұмыс жасайды. Ұсынылған классификатордың деректер жиынтығындағы шығыс деректер сапасын бағалау үшін, мұнда жаңылысу матрицасының екі түрі тұрғызылады: қалыпқа келтірілген және қалыпқа келтірілмеген жаңылысу матрицалары.

Бұл жұмыста класс дисбалансы, яғни әр класстағы деректер саны әртүрлі болғандықтан, қай класстың қате классификацияланғанын анық көрсету үшін қалыпқа келтірілмеген жаңылысу матрицасын тұрғызу тиімді. Мұндағы диагональдік элементтер болжанған класстың нақты класспен сәйкес келген санын көрсетеді, ал диагональдік емес элементтер – классификатормен қате болжанған элементтер санын көрсетеді. Диагональдік элементтер саны неғұрлым жоғары болса, онда модель тестілік деректерді соғұрлым дұрыс болжап тұрғанын білдіреді. Мысалы, 748 ҰӘК суреттерінің 743-і дрон ретінде дұрыс болжанса, ал 5-і фон ретінде қате классификацияланып тұрғанын білдіреді.




Сурет 5 – Қалыпқа келтірілмеген жаңылысу матрицасы

Әр класс үшін модельдің болжаған классификация нәтижелерінің *Recall* мәндері бойынша көрсету арқылы қалыпқа келтірілген жаңылысу матрицасын тұрғызуға болады.



Сурет 6 – Қалыпқа келтірілген жаңылысу матрицасы

Эксперименттің соңғы әрі шешуші кезеңі – жаңа суреттерді тестілеу. Бұл кезеңде ұсынылған классификатор моделі мүлде оқытылмаған, белгі қойылмаған жаңа тестілік суреттерге тексеріледі.



Сурет 7 – Ұсынылған модельді жаңа тестілік суреттерге тексеру нәтижелері

Тестілеу нәтижесі бойынша ұсынылған CNN классификаторы өте алыстан түсірілген құстың суретін 96.11 % дәлдікпен «құс» класы ретінде дұрыс болжады. Ал, бұлдырлаған фондық суретті 100 % дәлдікпен «фон» ретінде болжады, және де ҰӘК суретін 98.37 % дәлдікпен «ҰӘК» класы ретінде дұрыс классификациялады.

Қорытынды

Сонымен, VGG-16 үйірткілі нейрондық желі архитектурасының модификацияланған нұсқасы қойылған тапсырманы сәтті орындады. Осыған дейін анти-дрон жүйеге қай CNN моделі тиімді екенін тексеру үшін бірнеше архитектураларды салыстырып қарастырған зерттеуде [1] авторлар VGG-16 түпнұсқа үлгісін қолданып, 97.84 % нәтижеге қол жеткізген болатын. Бұл жұмыста үлкен мөлшердегі деректерді қолдану және Dropout жүйелеу әдістерін енгізу арқылы, классификация дәлдігі 99.317 % жеткізілді. Алдағы уақытта ұшатын нысандар санын арттырып, көп сандық жіктеу мәселесін шешу және заманауи CNN модельдеріне талдау жасау арқылы, нақты уақыт режимінде ҰӘК анықтау жұмыстары қарастырылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1] Jansen, B. Drone Crash at White House Reveals Security Risks. USA Today. 26 January 2015. Available online: <https://www.usatoday.com/story/news/2015/01/26/drone-crash-secret-service-faa/22352857/>.
- [2] Pham, S. Drone Hits Passenger Plane in Canada. CNN. Available online: <https://money.cnn.com/2017/10/16/technology/drone-passenger-plane-canada/index.html>. (Accessed on 16 October 2017).
- [3] Guardian, T. Gatwick Drone Disruption Cost Airport Just £1.4 m. The Guardian. Available online: <https://www.theguardian.com/uk-news/live/2018/dec/21/gatwick-drone-airport-limited-flights-live>. (Accessed on 21 December 2018).
- [4] Hyun Min Oh, Hyunki Lee and Min Young Kim, “Comparing Convolutional Neural Network (CNN) models for machine learning-based drone and bird classification of anti-drone system”, ICCAS 2019.
- [5] Arne Schumann, Lars Sommer, Johannes Klatte, Tobias Schuchert, Jurgен Beyerer, “Deep cross-domain flying object classification for robust UAV detection”, *AVSS*, 2017.
- [6] Saqib Muhammad, Nabin Sharma, Sultan Daud Khan, Michael Blumenstein, “A study on detecting drones using deep convolutional neural networks”, *AVSS*, 2017.
- [7] Zeiler, M.D.; Fergus, R. Visualizing and understanding convolutional networks. arXiv 2013, arXiv:1311.2901.
- [8] K. Simonyan, and A. Zisserman, “Very deep convolutional networks for large-scale image recognition,” *arXiv preprint arXiv:1409.1556*, 2014.
- [9] Mrunalini Nalamati, Ankit Kapoor, Muhammed Saqib, Nabin Sharma, Michael Blumenstein, “Drone Detection in Long-range Surveillance Videos”, *AVSS*, 2017.
- [10] Celine Craye, Salem Ardjoune, “Spatio-temporal Semantic Segmentation for Drone Detection”, *AVSS*, 2019.
- [11] O. Ronneberger, P. Fischer, and T. Brox. U-net: Convolutional networks for biomedical image segmentation. CoRR, abs/1505.04597, 2015.
- [12] Kaiming He, Xiangyu Zhang, Shaoqing Ren, Jian Sun, “Identity Mappings in Deep Residual Networks”, in Proc. CVPR, 2016.
- [13] Jason Brownlee, “Deep learning for computer vision”, 2019.
- [14] Liu T, Fang S, Zhao Y, Wang P, Zhang J., Implementation of training convolutional neural networks. arXiv preprint arXiv:1506.01195. 2015.
- [15] Gu, Shanqing; Pednekar, Manisha; and Slater, Robert (2019) "Improve Image Classification Using Data Augmentation and Neural Networks," *SMU Data Science Review: Vol. 2 : No. 2* , Article 1.

КЛАССИФИКАЦИЯ ЛЕТАЮЩИХ ОБЪЕКТОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МОДИФИЦИРОВАННОЙ МОДЕЛИ VGG-16 CNN НА ОСНОВЕ ВИЗУАЛЬНЫХ ДАННЫХ

У.О. Сейдалиева¹, Л.Б. Илипбаева²

¹Институт промышленной автоматизации и цифровизации, Satbayev University, Алматы,

²Казахстанский международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан

E-mail: s.jalgasa@gmail.com

Аннотация. В последнее время усовершенствование и массовое производство беспилотных летательных аппаратов или дронов по доступным ценам значительно расширили сферу их применения. Простота управления беспилотными летательными аппаратами (БПЛА) также привела к частому использованию дронов для перевозки наркотиков и взрывчатых веществ. Следовательно, задачи определения летательных объектов на определенном расстоянии и их классификация требуют надежной системы обнаружения и классификации. В этой статье обсуждается задача надежной классификации летающего объекта путем модификации исходной модели нейронной сети VGG-16. Обучение модели глубокого машинного обучения, позволяющей надежно классифицировать летающие объекты, требует наличия базы данных с большим количеством изображений. Открытая база данных дронов недоступна, так как дроны не разрешены к запуску в любом месте. В этой статье была подготовлена база данных из 11 128 изображений для обучения модифицированной модели VGG-16. Для повышения точности классификации был использован метод систематизации Dropout. Точность прогнозирования новых данных предложенной модели оценивается путем построения графика точности классификации, классификационных метрик и двух различных матриц ошибок.

Ключевые слова: сверточные нейронные сети, классификация летающих объектов, визуальные данные, машинное обучение.

CLASSIFICATION OF FLYING OBJECTS USING A MODIFIED MODEL OF VGG-16 CNN BASED ON VISUAL DATA

U.O. Seidaliyeva¹, L.B. Ilipbayeva²

¹ Institute of Industrial Automation and Digitalization, Satbayev University, Almaty, Kazakhstan

² International University of Information Technology, Almaty, Kazakhstan

E-mail: s.jalgasa@gmail.com

Abstract. Recently, the improvement and mass production of unmanned aerial vehicles or drones at affordable prices have greatly expanded their scope. The ease of control of unmanned aerial vehicles (UAVs) has also led to the frequent use of drones to transport drugs and explosives. Consequently, the tasks of determining flying objects at a certain distance and their classification require a reliable detection and classification system. In this article, the problem of reliable classification of a flying object by modifying the original VGG-16 neural network model has been discussed. Training a deep machine learning model to reliably classify flying objects requires a database with a large number of images. The open drone database is not available as drones are not allowed to launch anywhere. In this article, a database of 11,128 images for training a modified VGG-16 model has been prepared. To improve the classification accuracy, the Dropout systematization method was used. The forecasting accuracy of the new data of the proposed model is estimated by plotting the classification accuracy graph, classification metrics, and two different error matrices.

Keywords: convolutional neural networks, classification of flying objects, visual data, machine learning.



АВТОМАТИКА, ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И КИБЕРБЕЗОПАСНОСТЬ

ӨОЖ 004

ӨНЕРКӘСІПТІК ЖҮЙЕЛЕРДЕГІ КОМПЬЮТЕРЛІК ШАБУЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Д. Б. Қамбаров*, Г. Б. Қашағанова

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ,
Алматы қ., Қазақстан

e-mail: das.kambarov@au.es.kz, g.kashaganova@au.es.kz

Аңдатпа. Физикалық және ақпараттық процестерді біріктіретін технологиялық құрылымның сандық өзгеруі адам тарапынан өнеркәсіптік жүйелердің автономды жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заманауи өндірістік технологиялардың дамуына әкелді. Өнеркәсіптік инфрақұрылымды цифрландыру компьютерлік шабуылдарды жүзеге асыру үшін кең мүмкіндіктер ашты, олардың бағыты, жүйені басқару мүмкіндігін рұқсатсыз алу және оның дұрыс жұмыс істеуін бұзу жағына ауысты.

Қайтымсыз физикалық үрдістердің бақылаудан шығуына жол бермеуге мүмкіндік беретін өнеркәсіптік жүйелердегі компьютерлік шабуылдардың алдын алу, компьютерлік шабуылдардың жаңа түрлерінің өсуіне, шабуылдарға қарсы іс-қимылға, уақыттың шектелуіне және шабуылдарды ерте анықтау мен оларға қарсы іс-қимылды үйлестіретін бірыңғай әдіснаманың болмауына байланысты күрделене түсті.

Бұл ерекшеліктер өндірістік жүйелерге компьютерлік шабуылдардың алдын алу әдістемесін құрудың ғылыми мәселесін анықтады. Бұл мақалада осы зерттеудің өзектілігін анықтайтын компоненттердің деректеріндегі жағымсыз тенденцияларды болжау кезінде жүйенің алдын ала өзін-өзі реттеуіне арналған компьютерлік шабуылдардың алдын алудың бірыңғай әдістемесін жасауға әрекет жасалды. Тәсілдің негізі компьютерлік шабуылдардың кез-келген түрін ертерек анықтауға және өндірістік жүйенің құрылымын автоматты түрде қайта құру арқылы оларға қарсы тұруға мүмкіндік беретін әдістерден құралды.

Түйін сөздер: кибертұрақтылық қағидасы, инвариант қағидасы, өзін-өзі реттеу қағидасы, желілік трафик, мультифракталдық талдау

Кіріспе. Жылдан жылға ақпараттық жүйе кәсіпорындарында компьютерлік шабуылдар мен вирустардың өсуі - үздіксіз көпқабатты ақпаратты қорғау жүйесін құруды талап етті. Әрбір кәсіпорын заманауи IT-технологияларын қолдану арқылы ақпараттық жүйелерді құруды және сымдық, сымсыз арна байланыстары арқылы бір-бірін біріктіруді қамтамасыз етті. Бұл олардың тиімді қолданылуы, дамуымен қатар компьютерлік шабуылдарға бейім етті. Ақпараттық жүйелерге жасалатын компьютерлік шабуыл деп ақпараттық жүйенің осал жерлерін пайдалану арқылы ақпараттың қолжетімділігін, тұтастығын және құпиялығын бұзуға бағытталған қаскүнемнің алдын ала жасайтын іс-әрекеттерін айтамыз.

Жалпы компьютерлік шабуылдарды жүзеге асырудың әр түрлі жолдары бар. Оларды төмендегідей бір топқа біріктірсек болады:

- қашықтықтан компьютерге заңсыз қосылу: желі арқылы басқа компьютерлерге рұқсатсыз кіретін бағдарламалар;
- жергілікті компьютерге кіру: өздері жұмыс істейтін компьютерлерге тіркелмеген қолжетімділікке ие болу;
- құпия сөзді анықтағыштар: оңай табылатын құпия сөздерді анықтайтын бағдарламалар;
- желілік сканерлер: шабуылдарға бейім компьютерлер мен бағдарламалар жайлы ақпарат беретін бағдарламалар.

Қазіргі кездері жаңа технологиялардың дамуымен қатар жаңа қауіптер де пайда болуда. Олармен күрес ретінде қауіптерді анықтайтын және ақпараттық жүйелерде байқалатын өзгерістерге сараптама жасайтын жаңа әдістер мен түрлі бағдарламалар шығарылуда.

Жалпы өндіріс жүйелерінде киберқауіпсіздіктің кейбір мәселелеріне:

- үздіксіз осал жерлер мен қауіптердің саны мен түрлерінің өсуі;


- киберқылмыс пен арнайы қызмет кәсіпорындарына қызығушылықтың артуы;
- жалпы қауіптер деңгейін бағаламау;
- қауіптердің ерекшелігін дұрыс түсінбеу және тиімсіз қорғау әдістерін таңдау жатады.

Кейбір кәсіпорындарда шабуылдарды анықтау мен сараптама жасауға жеткіліксіз болатын базалық қорғау әдістері қолданылады.

Толыққанды жүйені бақылау үшін компьютерлік шабуылдарды тиімді анықтау жүйесі құрылады.

Компьютерлік шабуылдарды анықтау жүйесі (IDS-Intrusion Detection Systems) – кез келген заманауи кәсіпорындар үшін ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады.

1-ші суретте шабуылдарды анықтау жүйесінің жіктелуі келтірілген. Бұл суреттің маңыздылығы, компьютерлік шабуылдарды анықтайтын жүйелердің жұмыс істеу қағидатын айқындап береді.



Сурет 1 – Компьютерлік шабуылдарды анықтаудың жіктелуі

Негізгі бөлім. Қазіргі кездерде компьютерлік шабуылдар әдістерінің нақты саны белгісіз. Негізінде компьютерлік шабуылдардың төрт санаты бар:

- қолжетімділік шабуылы;
- түрлендіру шабуылы;
- қызмет көрсетуден бас тарту шабуылы;
- міндеттемелерден бас тарту шабуылы.

Қолжетімділікке бағытталған шабуыл-қаскүнемнің жалпы қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа ие болуы әрекеті. Бұл шабуылдар ақпарат пен оның таралу ортасы бар барлық жерлерде жүзеге асырыла алады. Қолжетімділік шабуылы ақпараттың құпиялығын бұзады.

Түрлендіру шабуылы - қаскүнемнің ақпаратты заңсыз өзгерту әрекеті. Бұл шабуылдар ақпарат пен оның таралу ортасы бар барлық жерлерде жүзеге асырыла алады. Қолжетімділік шабуылы ақпараттың тұтастығын бұзуға бағытталған.

Қызмет көрсетуден бас тарту шабуылы (Denial-of-service, DoS) - бұл шабуыл заңды пайдаланушылардың ақпаратқа қол жетімділігін бұзады. Dos шабуылының нәтижесінде қаскүнемге компьютерлік жүйе қолжетімді болмайды, ол тек ондағы ақпаратты қолжетімсіз етеді.

Міндеттемелерден бас тарту шабуылы - бұл шабуыл ақпаратты сәйкестендіру мүмкіндігіне қарсы бағытталған, басқаша айтқанда нақты жағдайларға байланысты жалған ақпарат беруі болып табылады.

Бұл мақалада біз кәсіпорындардағы қызмет көрсетуден бас тарту шабуылын қарастырамыз. Компьютерлік шабуылдар, соның ішінде өнеркәсіптік жүйелердегі шабуылдарды анықтау мәселесіне көптеген ғылыми еңбектер жария етілген. Бұл еңбектерде – ауытқуларды анықтау және оларға жауап беру жылдамдығын арттыру, шабуылға қарсы тұру қажеттілігі, анықтау жүйесінің тиімділігі мен сипаттамалары кеңінен ашылып жазылған. Осы еңбектерді талдай отырып, біз өндірістік жүйелердегі қызмет көрсетуден бас тарту шабуылын қарастырдық.

Қазіргі уақытта қызмет көрсетуден бас тарту шабуылы кеңінен таралуда. Қызмет көрсетуден бас тартуға арналған шабуылдардың кең таралғаны түрі - DDoS шабуылы. DDoS-шабуыл-Distributed Denial of Service («қызмет көрсетуден бас тарту» түріндегі кең жайылған шабуыл) - бұл жеке компьютерге немесе есептеу жүйесіне жасалатын шабуыл, оның негізгі мақсаты - есептеу жүйесін жалған қомақты ресурсты сұранымдардың көп санын жолдау жолымен істен шығару болып

табылады. Осының нәтижесінде жабдық жұмысы кідіріп, қолжетімсіз болады. Шабуыл көптеген компьютерден бір уақытта жасалады.

Компьютерлік қылмыстың осы түрінің ерекшелігі қаскүнемнің мақсаты - ақпаратты ұрлау немесе жою мақсатында қорғалған компьютер жүйесіне заңсыз кіру болып табылмайды. DDoS - шабуылының мақсаты - шабуыл жасалатын веб-торап жұмысына тосқауыл қою болып табылады. DDoS-шабуылдар туралы алғаш хабарламалар 1996 жылдан бастап шықты. Алайда 1999 жылдан бастап осы мәселе күрделі сипатқа ие болып келеді. Содан бері DDoS - шабуылдар туралы хабарламалар ерекше жаңалық болып табылмайды. Мұндағы басты қауіп шабуылдарды ұйымдастыру оңайлығы, өйткені хакерлердің ресурстары шектеусіз болып келеді, себебі шабуыл бөліп таратылады.

Осы шабуылдардан қорғану мақсатында желілік трафиктің көрсеткішін талдау әдісін ұсынамыз. Бұл жүйенің қалыпты жұмысы мен оған қызмет көрсетуден бас тартудың таратылған шабуылын (Distributed denial of Service, DDoS) жүзеге асыру кезінде жүйенің жұмысы арасындағы айырмашылықты дәл көрсетеді [1]. Жалпы есептеу күрделілігін төмендету үшін индикаторлардың екі түрін қолдану керек:

- белгілі бір пакеттің әрекетін сипаттайтын көрсеткіштер (өлшемі, берілген пакет пен оның алдындағы жіберу арасындағы аралық, хаттама);
- трафиктің жалпы әрекетін сипаттайтын көрсеткіштер (өткізу қабілеті, алушылардың көптеген IP мекенжайларының қуаты, белгілі бір IP мекенжайына жіберу жиілігі).

Бұл әдістің құрамында келесі модульдер кіреді:

- Желілік сенсор;
- Түйіндік сенсор;
- Басқару консоли;
- Деректер базасы;
- Әрекет ету агенттері.

Желілік сенсор желілік трафик және түйіндік сенсор негізінде жүйелік нысандарды сараптауға арналған. Желілік сенсор оқиғалар жиынтығын қалыптастыратын бақылаушыдан тұрады. Сараптама ядросы бағдарламаларды орындауды қолдау жүйесін ұсынады. Кіші жүйе де шабуыл туралы ақпарат алатын бақылаушыдан тұрады. Әсер ету автоматтары әсер ету саясатын жүзеге асырады [2].

Желілік сенсордың кіші қызметтік жүйесі шифрланған арнаның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Түйіндік сенсор желілік журнал және жүйе негізінде желілік нысандарды сараптауға арналған.

Түйіндік сенсор ядро сараптамасының оқиғаларын қалыптастыратын бақылаушыдан тұрады.

Шығысында түйіндік сенсор ауытқулар туралы хабарламаларды таратады. Бұл хабарламалар түйіндік сенсормен байланысы бар желілік сенсорге жіберіледі.

Деректер базасы нысандардың қалыпты және ауытқу күйлері туралы бөлінген қойма ұсынады. Бұл қойма желілік және түйіндік сенсорлармен пайдаланылады [3].

Басқару консоли графиктік қосымшаларды ұсынады, олардың міндеттеріне:

- физикалық және логикалық құрылымдардың көрсетілуі;
- шабуылдарды анықтау жүйесінің бөліктерін баптау және басқару;
- жүйе қауіпсіздігі туралы оператордың хабарландыруы;
- шабуыл туралы хабарламаларды түзеу;
- орталықтандырылған әсер ету;
- шабуыл жайлы хабарламаларды қарау болып табылады.

Келесі бір ұсынылатын әдіс мультифракталдық талдау негізінде желілік қозғалысты сараптау.

Бұл әдістің трафиі шағын уақыт аралығында мультифракталдылық қасиетін көрсетеді. Әсіресе шағын уақыт аралықтарын талдау жеткілікті ұзақ уақыт аралықтарын талдауға қарағанда ерекше болып келеді, өйткені біріншіден, ұзақ мерзімді деректерді жинақтау үлкен есептеу ресурстарын және үлкен жадты қажет етеді, бұл кейбір өндіріс жүйелері үшін өте маңызды болуы мүмкін, екіншіден, үлкен көлемде деректерді жинау кезінде қысқа компьютерлік шабуылдарды, әсіресе төмен қарқындылықпен жүретіндерді жіберіп алу қауіпі бар [4].

Мультифрактал – бұл фракталдардың жиынтығы, олардың әрқайсысы үшін өлшем мәні әр түрлі болады, мультифракталды анықтау үшін әртүрлі фракталдық өлшемдердің үлгілерін тудыратын көптеген алгоритмдер қолданылады. Желілік трафикке байланысты желілік трафикті ағындағы бөліктерге бөлген кезде әр бөлік фракталдық қасиет көрсетеді.

Мультифракталды әдістің жалпы математикалық сипаттамасы және оның ауытқуларды анықтауға қолданылуы көптеген ғылыми еңбектерде көрсетілген. Зерттеулердің көбісі ауқымды желілердің трафигіндегі ауытқуларды анықтауға арналған.

Желілік қозғалыс параметрлерінен құрылған уақыт қатарларының үстіндегі мультифракталды талдау үшін Лежандра мульти (α) мультифракталды спектрінің қызметі есептеледі, мұндағы α – гелдердің көрсеткіші болып табылады. Есептеу формуласы:

$$D = \frac{r(q)}{q-1} \quad (1)$$

Бұл формула (1) спектрді анықтайды, мұндағы $r(q)$ скейлингтік функция болып табылады.

Екінші формуламыз:

$$f_L(\alpha) = \inf(\alpha q - r(q)) \quad (2)$$

Мұндағы α – гелдердің көрсеткіші. Осы формула негізінде (2) Лежандра мультифракталды спектрі анықталады.

Ал спектр енін анықтау үшін:


$$width = \alpha_{max} - \alpha_{min} \quad (3)$$

формуласы қолданылады. Яғни бір сөзбен пайымдасак, осы формулалар арқылы біз жалпы шабуыл кезіндегі спектрдің өзгеруін бақылай аламыз. Бұл әдістің тиімділігі, спектрдің күйін бақылау арқылы жүйедегі шабуылдың бар жоғынан хабардар болып отырамыз.


Желілік қозғалыс параметрлерінің тізімін жүйенің түріне және компьютерлік шабуылдардың түріне байланысты өзгертуге болады [5].

Қауіпсіздік критерийі-мультифракталдық спектр параметрлерінің олардың қалыпты мәндерінен ауытқу мәні болып табылады. Спектрдің параметрлеріне, оның сол және оң жақ "бұтақтарының" ені, биіктігі сияқты сипаттамалары жатады [6].


Бұл әдістің тиімділігін бағалау бойынша тәжірибелік зерттеулер жүргізу үшін Нью-Брансвик университетінің магистральды трафигінің дамы пайдаланылды. Мұнда қалыпты трафик те, сондай-ақ әртүрлі DoS шабуылдары бар трафик те болды (SlowLoris, slowlorishttptest, DoS Hulk, DoS GoldenEye. 2, 3, 4-суреттерде ұсынылған өлшемдерді қолдана отырып, Dos шабуылдарынан туындаған желілік трафиктегі ауытқуларды анықтауды сипаттайтын графиктер көрсетілген [7].



Сурет 2 – Шабуыл кезінде мультифракталдық спектрдің енінің өзгеруі SlowLoris



Сурет 3 – SlowLoris шабуыл кезінде мультифракталдық спектрдің сол жақ "тармағының" енін өзгерту



Сурет 4 – Мультифракталдық спектрдің "оң" тармағының биіктігін өзгерту SlowLoris және DoS Hulk шабуылдары кезінде

Жалпы бұл зерттеу әдісінің тиімділігі графиктік талдау негізінде белгілі бір уақыт аралығындағы компьютерлік шабуылдарды анықтауға, сараптауға болады. Осы жүйе негізінде толық бақылау жасап, жалпы тек өндірістік жүйеде ғана емес, басқа салаларда да алдын ала компьютерлік шабуылдардан қорғанып, оларды анықтауға болады. Бұл әдістің бір ерекшелігі талдауда ең кең таралған компьютерлік шабуылдардың бірі-SlowLoris және DoS Hulk шабуылдары негізінде график құрылған. Демек, осы әдістің арқасында біздің жүйемізге жасалуы мүмкін ірі қауіп көздерінің бетін қайтара аламыз. Сонымен қатар, ақпаратты қорғау жүйесіне арналған аса танымал SIEM жүйелерінің заманауи, әрі озық өнімдерін қолдана аламыз. Біздің айтып отырған әдісіміз осы SIEM жүйесінің қызметіне сәйкес келеді. Әрине, болашақта қазіргі технологияның қарқынды өсіп келе жатқан заманында бұдан да озық жүйенің, әдістің шығатынына күмән келтірмейміз.

Сондай-ақ жалпы өндірістік жүйелерде компьютерлік шабуылдардың алдын алудың келесі қағидаттарын қолдансақ болады:

- инвариант қағидасы, кез келген шабуылда, жүйенің қызметінің әмбебаптық графтық моделінің арқасында жүйенің жалпы жағдайын бейімделу арқылы болжайды;
- өзін-өзі реттеу қағидасы, жүйенің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жүйені автоматты іске қосады;
- кибертұрақтылық қағидасы, шабуыл кезінде жүйе қызметінің бұрынғы қалпын сақтайды.

Инвариант қағидасы негізінде қағида мен жүйе желілік байланыста болуымен қатар, жүйенің барлық компоненттерін қамтамасыз ете білуі шарт. Келесі бір ерекшелік инвариант қағидасы компьютерлік шабуылдың кез келген типін анықтауы қажет және де компьютерлік шабуылдардың алдын алу үшін дұрыс бейімделу болжамын жасауы керек [8].

Өзін-өзі реттеу қағидасы мынандай тұрғыда сипатталады: кез келген күдік тудыратын іс-әрекетке жүйенің кері конфигурациялау алгоритмі болады, ол жүйенің өзін-өзі реттеуін қамтамасыз етеді. Мұның маңыздылығы F функциясының тұрақтылығы сақталады. Онда алгоритм соңғы сандағы n қадамында орындалады. Сондай-ақ алгоритм аз уақыт ішінде орындалып, ондағы орындалуға жұмсалған уақыт болжауға кеткен уақыттан аз болады.

Жалпы өзін-өзі реттеу терминін қолдана отырып, кибертұрақтылық түсінігін дұрыстауға болады, яғни ол өндірістік жүйенің компьютерлік шабуылға қарсы тұра білу қабілетін көрсетеді.

Кибертұрақтылық қағидасы инвариант пен өзін-өзі реттеу қағидасын өндіріс жүйесіндегі компьютерлік шабуылдарды алдын алуға арналған ғылыми тәжірибелік тапсырмаға біріктіреді [9]. Кибертұрақтылықты орындау үшін келесі қағидаттарды орындау қажет:

- өзін-өзі реттеу жүйесі қызметінің сақталуын қамтамасыз ету керек;
- өзін-өзі реттеудің қойылымын іздеумен қатар, жүйенің ағымдағы конфигурациясына қолданудың жиынтық уақыты болжау кезеңінен аз немесе оған тең болуы керек;
- жүйелер үшін эволюциялық үрдіске ұқсас және жүйе сақтайтын шектеулерді бағалау арқылы алуға болатын қағидаттың орындалуының шекаралық шарттары анықталуы керек.

Осыған байланысты компьютерлік шабуылдардың алдын алу мәселесін шешуде уақыт факторы маңызды рөл атқарады.

Жүйе компоненттерінің сипаттамаларындағы жағымсыз үрдісті болжауды, өзін-өзі реттеудің қолайлы тәсілін табуды және шабуылдың таралу уақытынан аз уақыт ішінде таңдалған әдіске сәйкес жүйені қайта конфигурациялауды жүзеге асыру қажет. 5-суретте компьютерлік шабуылдардың алдын алу үрдісінің барлық кезеңдері арасындағы қатынасты көрсететін уақыт диаграммасы көрсетілген [10].



Сурет 5 – Компьютерлік шабуылдардың алдын алу үрдісінің барлық кезеңдері арасындағы қатынасты көрсететін уақыт диаграммасы

Мұндағы, t -уақыт, dt -шабуылдарды алдын алу үрдісінің кезеңдері болып табылады. Мәселені тұжырымдау үшін әр түрлі түрдегі өндіріс жүйелерінің жұмыс істеу үрдісін және өндірістік жүйенің мақсатты қызметтерін орындауды көрсетуге мүмкіндік беретін әмбебап модель құру қажет. Дамыған, жиі бөлінген, желілік инфрақұрылымы бар, іске асырудың ақпараттық ортасын қамтамасыз ететін қазіргі заманғы физикалық үрдістер мәліметтермен алмасу, жүйе компоненттері арасында қолдану және графтар теориясын ұсыну үшін келтірілген.

Жүйеге жасалатын шабуыл, мұндай деструктивті әсерлер сөзсіз графиктің құрылымында немесе оның шыңдары мен доғаларының параметрлерінде көрініс тапқан.

Осы ұсынылған шабуылдарды анықтау әдістерін бағалау үшін келесі деңгейлерді қолдансақ болады:

- жүйені бақылау деңгейі;
- әдістің тексерілуі;
- әдістің бейімделуі;
- тұрақтылық;
- есептеу күрделілігі.

Жүйені бақылау деңгейі - бұл деңгей, сарапталған оқиғаларды жинап, бақылауға алады және де әдістің желідегі шабуылдарды анықтауда қолданылу мүмкіндігін айқындайды [11]. Осы анықтамалар негізінде келесі деңгейлер қарастырылады:

- HIDS - операциялық жүйе деңгейінде бақылау;
- NIDS – желілік өзара байланыс деңгейінде бақылау;

- AIDS – жеке қосымшалар деңгейінде бақылау;
- Hybrid – әр түрлі деңгейдегі бақылаушылар тобы.

Және де осы деңгей негізінде әдістің 4 негізгі қасиеті қарастырылады:

- бейімделуі;
- ауқымдылығы;
- жауап қайтаруы;
- қорғалуы.

Бейімделуі. Заманауи компьютерлік шабуылдарды анықтау жүйесі, жүйеде болатын компьютерлік шабуылға да, ауытқуға да бейім әдістерді қолданады. Оның артықшылығы ондай әдіс, өзгерістерге ұшыраған және беймәлім шабуылдарды анықтай алады, сондай-ақ жоғары жылдамдықтағы жүйелерде оңай қолданылады [12].

Ауқымдылығы. Бұл әдістің көптеген түйіндер мен арналарды зерттей алу мүмкіндігін білдіреді. Яғни қосымша арналар мен түйіндемелерді қосу әдістің жұмыс істеуін режимін бұзбайды.

Жауап қайтаруы. Жүйеде қолданылатын әдістің кез келген шабуылға қарсы әрекеті. Мысалы, байланыс орнату, сараптама жүргізу және тағы басқа іс-әрекеттері.

Қорғалуы. Тәжірибелік шабуылдарды анықтау жүйесі SSHv2 өзгертілген хаттамасы негізінде шифрланған арналарды қолданады.

Әдістің тексерілуі – бұл тұлғаның шабуылды анықтауы кезінде, шешімдерді бірінен кейін бірін қолданыла алуын мүмкіндігін бағалайды. Жалпы бір сөзбен айтқанда әдістің дұрыстығын бағалайды [13].

Әдістің бейімделуі – бұл шабуылды жүзеге асыруда болатын кішігірім өзгерістерге қарамастан әдістің қалыпты жұмыс істеуі. Бейімделу – бұл шабуылдарды анықтайтын әдістердің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Бейімделудің болмауы әдістің тиімсіздігіне, жүйенің шабуылға қарсы жауап қайтармауына алып келеді. Ал жауап қайтару үшін үнемі әдісті жаңартып отыруға тура келеді. Бұл әрине өте тиімсіз. Сондықтан да әдістің бастапқыда жүйеге бейімделуі шарт [14].

Тұрақтылық – бұл әдістің шығуын қорғалатын жүйеден тәуелсіз етеді. Яғни жүйедегі өзгерістер әдістің жұмысына кедергі келтірмейді.

Есептеу күрделілігі – қолданылатын әдістің күрделілігін теоретикалық бағалау. Бағалауда арнайы баптаусыз тек әдістің күрделілігі қаралады. Бұл қасиеттің шабуылды анықтайтын әдістерде болуы өте маңызды, себебі күрделі шабуылдарды анықтау қабілеті осыған байланысты болады [15].

Қорытынды. Жалпы бұл мақалада өндірістік жүйеге жасалатын компьютерлік шабуылдардың алдын алу мәселелері мен жүйенің компьютерлік шабуылға қарсы қағидалары қарастырылған. Қағидалардың жұмыс істеу режимі зерттелген, шабуылдарды анықтау әдістеріне талдау жасалған, мультифракталдық әдістің диаграммасы мен компьютерлік шабуылдардың алдын алу үрдісінің барлық кезеңдері арасындағы қатынасты көрсететін уақыт диаграммасы қарастырылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Sadiku N. Cyber-physical systems: a literature review // European Scientific Journal. - 2017. - Vol. 13. - № 36. - P. 52-58.
- [2] Henshaw M. Systems of systems, cyber-physical systems, the Internet-of-things... What next? //Insight. - 2016. - Vol. 19. - № 3. - P. 51-54.
- [3] Wan K., Hughes D., Man K., Krilavicius T., Zou S. Investigation on composition mechanisms for cyber physical systems // International Journal of Design, Analysis and Tools for Circuits and Systems. - 2011. - Vol. 2. - № 1. - P. 30-40.
- [4] Khaitan S., McCalley J.D. Design techniques and applications of cyberphysical systems: a survey // IEEE Systems Journal. - 2015.-Vol. 9. -№ 2. -P. 350-365.
- [5] Stojmenovic, I., Zhang F. Inaugural issue of ‘cyberphysical systems’// Cyber-Physical Systems. - 2014 -Vol. 1 -№ 1. -P. 1-4.
- [6] Kleissl J., Agarwal Y. Cyber-physical energy systems: Focus on smart buildings // IEEE Design Automation Conference. - 2010. - P. 749-754.
- [7] Macana C., Abdou A., Pota H., Guerre J., Vasques J. Cyber Physical Energy Systems Modules for Power Sharing Controllers in Inverter Based Microgrids // Inventions. - 2018. -Vol. 3. -№ 3. - P. 1-21.
- [8] Farhangi, H. The path of the smart grid //IEEE Power and Energy Magazine. - 2010. - Vol. 8. - № 1. - P. 18-28.
- [9] Shi X., Li Y., Cao Y., Tan Y. Cyber-physical electrical energy systems: challenges and issues //

CSEE Journal of Power and Energy Systems. - 2015. - Vol. 1. - № 2. - P. 36-42.

[10] Ericsson G. N. Cyber Security and Power System Communication Essential Parts of a Smart Grid Infrastructure // IEEE Transactions on Power Delivery. - 2010. - Vol. 25. - № 3. - P. 1501-1507.

[11] Yongfu, L., Dihua S., Weining L., Xuebo Z. A service-oriented architecture for the transportation cyber-physical systems // IEEE Control Conference (CCC) Chinese. - 2012. - P. 7674-7678.

[12] Xiong G., Zhu F., Liu X., Dong X., Huang W., Chen S., Zhao K. Cyber-physical-social system in intelligent transportation // IEEE/CAA Journal of Automatica Sinica. - 2015. - Vol. 2. - № 3. - P. 320-333.

[13] Möller, D. P. F., Vakilzadian H. Cyber-physical systems in smart transportation // IEEE International Conference on Electro Information Technology (EIT). - 2016. - P. 776-781.

[14] Jianjun, S., Xu W., Jizhen G., Yangzou C. The analysis of traffic control cyber-physical systems // Procedia — Social and Behavioural Sciences. - 2013. - Vol. 96. - P. 2487-2496.

[15] Gokhale A. A., McDonalds M.P., Drager S., McKeever W. Cyber Physical System Perspective on the Real Time and Reliable Dissemination of Information in Intelligent Transportation Systems // Network Protocols and Algorithms. - 2010. - Vol. 3. - № 3. - P. 116-136.

LIST OF REFERENCES

[1] Sadiku N. Cyber-physical systems: a literature review // European Scientific Journal. - 2017. - Vol. 13. - № 36. - P. 52-58.

[2] Henshaw M. Systems of systems, cyber-physical systems, the Internet-of-things... What next? // Insight. - 2016. - Vol. 19. - № 3. - P. 51-54.

[3] Wan K., Hughes D., Man K., Krilavicius T., Zou S. Investigation on composition mechanisms for cyber physical systems // International Journal of Design, Analysis and Tools for Circuits and Systems. - 2011. - Vol. 2. - № 1. - P. 30-40.

[4] Khaitan S., McCalley J.D. Design techniques and applications of cyberphysical systems: a survey // IEEE Systems Journal. - 2015. - Vol. 9. - № 2. - P. 350-365.

[5] Stojmenovic, I., Zhang F. Inaugural issue of 'cyberphysical systems' // Cyber-Physical Systems. - 2014. - Vol. 1. - № 1. - P. 1-4.

[6] Kleissl J., Agarwal Y. Cyber-physical energy systems: Focus on smart buildings // IEEE Design Automation Conference. - 2010. - P. 749-754.

[7] Macana C., Abdou A., Pota H., Guerre J., Vasques J. Cyber Physical Energy Systems Modules for Power Sharing Controllers in Inverter Based Microgrids // Inventions. - 2018. - Vol. 3. - № 3. - P. 1-21.

[8] Farhangi, H. The path of the smart grid // IEEE Power and Energy Magazine. - 2010. - Vol. 8. - № 1. - P. 18-28.

[9] Shi X., Li Y., Cao Y., Tan Y. Cyber-physical electrical energy systems: challenges and issues // CSEE Journal of Power and Energy Systems. - 2015. - Vol. 1. - № 2. - P. 36-42.

[10] Ericsson G. N. Cyber Security and Power System Communication Essential Parts of a Smart Grid Infrastructure // IEEE Transactions on Power Delivery. - 2010. - Vol. 25. - № 3. - P. 1501-1507.

[11] Yongfu, L., Dihua S., Weining L., Xuebo Z. A service-oriented architecture for the transportation cyber-physical systems // IEEE Control Conference (CCC) Chinese. - 2012. - P. 7674-7678.

[12] Xiong G., Zhu F., Liu X., Dong X., Huang W., Chen S., Zhao K. Cyber-physical-social system in intelligent transportation // IEEE/CAA Journal of Automatica Sinica. - 2015. - Vol. 2. - № 3. - P. 320-333.

[13] Möller, D. P. F., Vakilzadian H. Cyber-physical systems in smart transportation // IEEE International Conference on Electro Information Technology (EIT). - 2016. - P. 776-781.

[14] Jianjun, S., Xu W., Jizhen G., Yangzou C. The analysis of traffic control cyber-physical systems // Procedia — Social and Behavioural Sciences. - 2013. - Vol. 96. - P. 2487-2496.

[15] Gokhale A. A., McDonalds M.P., Drager S., McKeever W. Cyber Physical System Perspective on the Real Time and Reliable Dissemination of Information in Intelligent Transportation Systems // Network Protocols and Algorithms. - 2010. - Vol. 3. - № 3. - P. 116-136.

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОБЛЕМ КОМПЬЮТЕРНЫХ АТАК В ПРОМЫШЛЕННЫХ СИСТЕМАХ

Д. Б. Камбаров*, Г. Б. Кашаганова

НАО «Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева»,
г. Алматы, Казахстан
e-mail: das.kambarov@aues.kz, g.kashaganova@aues.kz

Аннотация. Количественная трансформация технологической структуры, объединяющая физические и информационные процессы, привела к развитию современных производственных технологий, обеспечивающих автономное функционирование промышленных систем со стороны человека. Цифровизация промышленной инфраструктуры открыла широкие возможности для осуществления компьютерных атак, их направленность перешла в сторону несанкционированного получения возможности управления системой и нарушения ее правильного функционирования.

Предотвращение компьютерных атак в промышленных системах, позволяющее не допустить выхода необратимых физических процессов из-под контроля, осложнялось ростом новых типов компьютерных атак, противодействием атакам, ограничением времени и отсутствием единой методологии, координирующей раннее выявление атак и их противодействие.

Эти особенности определили научную проблему построения методики предупреждения компьютерных атак на производственные системы. В данной статье предпринята попытка разработать единую методику профилактики компьютерных атак, предназначенную для предварительной саморегуляции системы при прогнозировании негативных тенденций в данных из компонентов, определяющих актуальность данного исследования. Основу подхода составили методы, позволяющие на ранней стадии обнаружить любые виды компьютерных атак и противостоять им путем автоматической перенастройки структуры производственной системы.

Ключевые слова: принцип киберустойчивости, принцип инварианта, принцип саморегуляции, сетевой трафик, мультифрактальный анализ.

RESEARCH OF PROBLEMS OF COMPUTER ATTACKS IN INDUSTRIAL SYSTEMS

D.B.Kambarov*, G.B.Kashaganova

Non-profit joint-stock company “Almaty University of Power Engineering and Telecommunications
named after Gumarbek Daukeyev”, Almaty, Kazakhstan
e-mail: das.kambarov@aues.kz, g.kashaganova@aues.kz

Annotation. The quantitative transformation of the technological structure, combining physical and informational processes, has led to the development of modern production technologies. They provide the autonomous functioning of industrial systems on the part of a person. The digitalization of industrial infrastructure has opened up ample opportunities for computer attacks. Their focus shifted towards unauthorized gaining of the ability to control the system and disruption of its correct functioning.

Preventing computer attacks in industrial systems, which makes it possible to prevent irreversible physical processes from getting out of control, was complicated by the growth of new types of computer attacks, countering attacks, time constraints and the lack of a unified methodology coordinating early detection of attacks and their counteraction.

These features determined the scientific problem of constructing a methodology for preventing computer attacks on production systems. In this article, an attempt to develop a unified methodology for preventing computer attacks, designed for preliminary self-regulation of the system when predicting negative trends in data from the components that determine the relevance of this study, is undertaken. The basis of the approach is the methods that allow early detection of any types of computer attacks and to resist them by automatically reconfiguring the structure of the production system, were formed.

Keywords: the principle of cybersecurity, the principle of invariance, the principle of self-regulation, network traffic, multifractal analysis.



АВТОМАТИКА, ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И КИБЕРБЕЗОПАСНОСТЬ

МРНТИ 87.17.81

РАЗРАБОТКА СИСТЕМЫ КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА АТМОСФЕРНОГО ВОЗДУХА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Т.С. Санатова, А.А. Абикенова, К.А. Сагытаева

НАО «Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева»

Аннотация. Статья посвящена усовершенствованию методики прогнозирования состояния атмосферного воздуха. Выбор цели работы связан с усилением требований к качеству информации о состоянии атмосферного воздуха. Для этого необходимо провести модернизацию существующих методик мониторинга атмосферного воздуха. В работе описан пример практической реализации разработанной системы мониторинга. Разработана программа удаленного администрирования через сеть Интернет, позволяющая вести наблюдения за состоянием окружающей среды в автоматизированном режиме, без использования переносных приборов и пробоотборников. Созданы программы, реализующие систему и позволяющие обеспечить эффективный удаленный доступ к ней через Интернет, с использованием современных пакетов программ, что дает возможность обеспечивать эффективное функционирование системы мониторинга вне зависимости от программно-аппаратной платформы.

Ключевые слова: автоматизированная система экологического мониторинга, загрязнение окружающей среды, выбросы источников загрязнения, система экологической безопасности, оценка качества атмосферного воздуха.

В современном мире наблюдается тенденция роста выбросов из промышленных и естественных (природных) источников. Причиной интенсивного загрязнения атмосферного воздуха являются:

- рост промышленного производства;
- увеличение энергоемкости производств;
- увеличение парка автомобилей, самолетов и другой техники, работающих на углеводородном топливе;
- сжигание мусора.

Существенный вклад в загрязнение природы вносят работающие вулканы, лесные и степные пожары, частота которых с каждым годом возрастает. Особенно остро это наблюдается в крупных мегаполисах с большим скоплением людей и, соответственно, большим энергопотреблением. Состояние воздушного бассейна многих городов вызывает тревогу у населения. Загрязненная атмосфера вызывает различные заболевания, в том числе и болезни легких человека.

Наиболее подверженными по данным ВОЗ являются дети и женщины. Загрязненный воздух оказывает разрушительное воздействие на здоровье детей. Во всем мире до 14% детей в возрасте 5-18 лет страдают от астмы, вызванной, помимо прочего, загрязнением воздуха. Ежегодно 543 000 детей в возрасте до 5 лет умирают от респираторных заболеваний, связанных с загрязнением воздуха [1]. Загрязнение воздуха также связано с детским раком. Воздействие загрязненного воздуха на беременных женщин может сказываться на развитии мозга плода. Загрязнение воздуха также связано с когнитивными нарушениями как у детей, так и у взрослых людей [1].

Проблема получения достоверной информации о состоянии воздушного бассейна является в настоящее время актуальной. Наиболее важен этот вопрос для такого большого мегаполиса Республики Казахстан как Алматы. Увеличение парка автомобилей привело к значительному загрязнению воздуха. Большинство двигателей грузовых и легковых автомобилей используют бензин и дизельное топливо. В результате сжигания топлива в двигателях внутреннего сгорания в атмосферу поступает около 200 вредных веществ. Выбросы автомобилей неравномерно распределены в городской среде. Наибольшая загрязненность воздуха наблюдается в нижней (северо-

***Аңдатпа.** Мақалада Алматы энергетика институтының ҚазПТИ-дің құрамында энергетика факультеті болып, кейін өз алдына жеке жоғары техникалық оқу орны болып құрылғандығы баяндалады. Оның қалыптасуына үлес қосқан қарапайым кафедра меңгерушілері, факультет декандары, институттың бірінші ректоры А.В. Болотов және сол кездегі Қазақстан Республикасының ірі мемлекеттік қайраткерлерінің есімдері құрметпен аталады. Олардың жұмыла жасаған қажырлы еңбектерінің нәтижесінде қысқа мерзім ішінде факультеттер, бітіртуші және қоғамдық кафедралар мен қызмет көрсету әкімшілігінің ұйымдастырылғандығы мұрағат құжаттарынан алынған. Студенттерді оқуға қабылдау және оқыту үрдісінің, зертханалардың, ғылыми-әдістемелік жұмыстардың ұйымдастырылу барысы қарастырылады. Сұранысқа сай энергетика институты филиалдарының Ақмолада, Өскеменде ашылуы талданады. Мақаланың соңында АЭИ қысқа мерзімде Орта Азиядағы жетекші жоғары оқу орындарының біріне, КСРО-дағы үшінші энергетикалық институтқа айналғандығы қорытындыланған.*

***Түйін сөздер:** ҚазПТИ-дің энергетика факультеті, инженер-энергетик даярлау, жылу энергетика, кафедра, электр машиналары зертханасы, өндірістік тағылым.*

Кіріспе

АЭИ – АЭЖБИ – Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің тарихы бай, жүріп өткен жолы жарқын, болашағы зор еліміздегі техникалық университеттердің көшбасшысы болып табылады. Университет құрылған кезінен бастап, тек қана жоғары білім ордасы болып қалған жоқ, сонымен бірге энергетика, жылу энергетикасы, байланыс салаларындағы жетекші білім беру және ғылыми-техникалық салалардың ірі ғылыми-зерттеу орталығына айналып, отанымыздың өнеркәсібінің, халық шаруашылығының дамуына айрықша үлес қосты.

Талқылау

Ұсынылып отырған алғашқы зерттеу еңбегі республикамыздағы энергетика саласындағы алғашқы жоғары техникалық оқу орнының тарихын зерделеуге деген алғашқы қадам болып табылады. Алматы энергетика институтының құрылуы туралы құнды мәліметтерді оның бірінші ректоры Альберт Васильевич Болотов энергетик мамандар даярлаудың 40 жылдығына арнап сөйлеген сөзінде баяндап берді. Сапасы нашар болса да сол сәттерді бейнелейтін фото суреттер құнды деректер қатарына жатады. Атаулы жоғары оқу орнының 20 жыл толуына орай алғаш «Вечерняя Алма-Ата» газетінде АЭИ ректоры Г.С. Трофимовтың берген сұхбаты жарық көрді. Оқу орнының жетістіктері мен 1990 жылдардың дағдарысы кезеңінде орын алған проблемалары туралы айтылады. Ғұмарбек Дәукеев ректор болған тұста энергетикалық оқу орны туралы қос кітап жарық көрген болатын. Негізінен жарнамалық мақсатта құрастырылғандықтан институттың құрылуы туралы қысқаша анықтама, факультеттер мен әр кафедраның жетістіктері есеп түрінде берілген. Мұрағат деректеріне негізделмеген болса да бұл мәліметтердің оқиға куәгерлері ретіндегі тарихи кезеңдерді ашудағы маңызы зор болды.

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің қалыптасуы мен дамуының жарты ғасырға жуық тарихын шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

1975-1990 жылдар – Алматы энергетика институтының (АЭИ) құрылуы және қалыптасуы жалпы Кеңес Одағындағы жоғары техникалық білім беру жүйесі аясында өрбіді. КСРО Министрлер Кеңесі мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1974 жылғы қаулылары негізінде Алматыда 1975 жылдың 1 қаңтарында В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының энергетика факультетінің базасында еліміздегі энергетика және байланыс саласының инженерлерін даярлайтын тұңғыш іргелі техникалық жоғары оқу орны құрылды. Бұл кезеңде АЭИ өзінің материалдық-техникалық базасының іргетасын қалап, ғылыми-білім беру әлеуетін орнықтырды. Ұжымдық басшылық жасау қалыптасты. Он бес жыл ішінде еліміздің халық шаруашылығы үшін жүздеген инженер-энергетик мамандарды дайындап үлгерді.

1991-1996 жылдар – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алуған жылдарындағы АЭИ-дің тарихы. Бұл кезеңде Алматы энергетика институтының басты стратегиясы Кеңестер Одағының ыдырауымен өмірге келген жас мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан Республикасының нарықтық қоғамында еліне қызмет жасайтын отаншыл азаматын, кәсіби маманды тәрбиелеуге негізделді. Институт басшылығы мен ұжымының алдағы мақсаттарға қол жеткізуі жүйелі саясат пен ерен еңбектің арқасында жүзеге асты, яғни осы аралықтағы оқу орнының қызметі КСРО-ның тарауымен елде және әлемде қалыптасқан оқиғалар аясында өрбіді.

Жалпы елдегі, оның ішінде жоғары білім беру жүйесіндегі орын алған қиыншылықтарға қарамастан, институт өз имиджін сақтап қана қоймай, сауатты, тиімді түрде және дер кезінде сол жылдардың тегеуріндеріне жауап қайтаруға тырысты.

1990-жылдардың басында-ақ АЭИ маңызы мен өзектілігі күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспей тұрған жаңа да өзекті, кезек күттірмес бастамалардың жаршысы болды. Олардың қатарында мемлекеттік тілде іс-қағаздарын жүргізу, мемлекеттік тіл мен шет тілін оқыту курстары мен үйірмелердің ұйымдастырылуы, оқу үрдісіне жаңа техника мен технологияларды енгізу, ғылым мен білім берудің интеграциясы, студенттерді ғылыми жұмысқа тарту және ынталандыру, жоғары білімді ізгілендіру, инженерлік білім беру мен өндірістің интеграциясы мәселелері, т.б. болды.

1997-2014 жылдар – Алматы энергетика және байланыс университетінің алғашқы ректоры Ғ.Ж. Дәукеев басшылық еткен 1997 жылдың 3 мамыры – 2014 жылдың 31 қазаны аралығындағы қалыптасу және даму тарихын жеке қарастырған жөн.

1997 жылдың 3 мамырында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Алматы энергетика және байланыс институтын құру туралы» (№43 10.01.1997) қаулысына сәйкес мемлекеттік емес Алматы энергетика және байланыс институты өмірге келді. Бұл Қазақстандағы коммерциялық емес ұйым мәртебесін алған тұңғыш мемлекеттік емес техникалық жоғары оқу орны еді.

Ғұмарбек Жүсіпбекұлы Дәукеев жетекшілік еткен жылдары Алматы энергетика және байланыс университеті Қазақстан энергетика жүйесі мен телекоммуникациясы Альма-матерінің үздік дәстүрлері мен құндылықтарын сақтай отырып, сенімді де қарқынды түрде дамыды. Елдің техникалық жоғары оқу орындарының рейтингінде үздік нәтижелерге қол жеткізіп, жылу энергетикасы, электр энергетикасы және радиотехника, телекоммуникация бағыттары бойынша көшбасшы болып танылды. 2010 жылы АЭЖБИ-ға университет мәртебесі берілді. Университет Қазақстан мен Орта Азиядағы бәсекеге қабілетті оқу орындарының қатарынан орын алды.

2014 жылдың 31 қазанынан - 2020 жылға дейінгі аралық. Айтулы кезеңде университет басшылығы мен ұжымы өзінің жылдар бойғы қалыптасқан үздік дәстүрлерін сақтай отырып, әлемдік интеграция мен жаһандану жағдайындағы заман талаптарына бейімделген ұлттық білім экономикасының таңдаулы интеллектуалды ресурстарын және елдің индустриалды-инновациялық дамуы жолындағы алдыңғы қатарлы технологияларын қалыптастыруды өзінің басты миссиясы деп есептейтін жоғары оқу орны екендігін дәлелдеді.

Университет білім берудің озық заманауи технологияларын меңгеру, энергетика, ақпараттандыру және телекоммуникация саласында ғылыми-зерттеу ресурстарының орталығына айналу және университеттің оқу-зертханалық кешенін жаңғыртуды жүзеге асыру мақсатында жақын және алыс шетел жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығын күшейтуде орасан зор жұмыстарды атқарып келеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен инженерлік-техникалық мамандарды дайындаудағы айрықша еңбегі үшін 2019 жылы Алматы энергетика және байланыс университетіне көрнекті ғалым-қайраткер Ғұмарбек Жүсіпбекұлы Дәукеевтің есімі берілді.

Қазіргі таңда университет энергетика, жылу энергетикасы, байланыс, ақпараттық технология салаларындағы жетекші білім беру және ғылыми-техникалық орталыққа айналды. Оның қырық бес жылдық даму тарихының әрбір кезеңі көш тізгінін ұстаған басшылары мен оның тұтас ұжымының

ғылыми-педагогикалық, ұйымдастырушылық және басшылық өмірімен тығыз байланыста өрбіді. Олардың әрқайсысы көрнекті ғалым, білікті педагог, талантты маман-ұйымдастырушы болды.

Университеттің әр қызметкерінің өмір жолы, қызметі мен еңбегі өзінше жеке тарих. Олардың әрқайсысының өмір жолы жеке кітапқа арқау болатынына сенімдіміз.

Әдістер

Мақаланы жазуда объективтілік, тарихилық, жүйелілік және салыстырмалы талдау принциптері басшылыққа алынды. Тәуелсіздік заманында тарихи оқиғаларды жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеу талабы қойылуда. Сондықтан зерттеудің үлгісіне соңғы жылдарда жарық көрген жоғары оқу орындарының құрылуы мен қызметі турасындағы еңбектер негіз болды. Мұрағаттағы ғылыми айналымға енген құжаттар салыстырмалы түрде сараптаудан өткізілді. Алматы энергетика институтының қалыптасуы, жаңа факультеттер, бітіртуші кафедралар мен зертханалар, қоғамдық кафедралар мен әкімшілік қызметтер ұйымдастырылуын талдап шешуге Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағатындағы Қазақ КСР-і Халық Ағарту министрлігінің 2217, 1982 қорларының құжаттары негізге алынды.

Жалпы жұмыстың деректемелік негізіне профессор-оқытушылар және қызметкерлер ұжымының, оған басшылық жасаған ұйымдастырушы, ғалым-педагог тұлғалардың еңбектері ҚР Орталық Мемлекеттік Мұрағатының АЭЖБУ мұрағатының деректері, профессор-оқытушылар мен бітіртуші түлектердің естелік-сұхбаттары, республикалық басылымдарда жарық көрген материалдар, есептік басылымдары кеңінен пайдаланылды.

Нәтижесі

Қазақстанда алғашқы инженер-энергетик мамандарды даярлау В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ) энергетика факультетінің құрамында жүзеге асты. 1960 жылдың 8 шілдесінде Қазақ тау-кен металлургиялық институтының Қазақ политехникалық институты болып өзгеруімен институт дамуының жаңа белесі басталған еді. Мұнай, геофизика, автоматика және есептеу техникасы, құрылыс және сәулет факультеттерімен қатар энергетика факультетін ашу туралы 1961 жылдың 1 қазанында Орта және жоғары арнаулы оқу министрінің бұйрығы шыққан соң ұйымдастыру жұмыстары қарқынды жүргізілді. Сол кездегі ҚазПТИ-дің ректоры, ірі ғалым-академик О.А. Байқоңыровтың шақыруымен Ресейдің Томск қаласынан т.ғ.к., доцент Кропанін С.С., т.ғ.к., доцент Новокшенов В.С. (кейін техника ғылымының докторы, профессор), т.ғ.к., доцент Карымов Р.Г., т.ғ.к., доцент Кострыгин В.А. және Украинадан т.ғ.к., доцент Титаренко Ю.А. сияқты тәжірибелі педагог мамандар жұмысқа орналастырылып, түгелдей пәтермен қамтамасыз етіледі. Өндірісте жұмыс істеп жүрген білікті мамандарды педагогикалық жұмысқа шақыру ісіне ерекше көңіл бөлінді. Жергілікті ұлт өкілдерінен студенттер қатары көбейіп, оларды аспирантура мен докторантураға оқуға жіберу айрықша қарқын алған жылдар болды.

Энергетика факультеті құрылғаннан бастап, 60 жылдан астам үзбей қызмет жасап келе жатқан университет ардагері, АЭЖБУ-дің құрметті профессоры Г.Х. Хожин: «Сол кезде энергетикалық факультет екі 0303 - «Өндірістерді және қалаларды электр энергиясымен қамтамасыз ету» және 0305 - «Жылу электр станциялары» мамандықтары бойынша инженерлерді дайындауды бастады. Энергетика факультетінің бірінші деканы, доцент Е.Г. Черкасов болатын, кейін деканның орынбасары болып К.М. Омаров тағайындалды», - деп еске алады.

Қазақстанда алғашқы инженер-энергетик мамандарды даярлауда техника ғылымдарының кандидаты, доцент Черкасов Е.Г., факультет деканының орынбасары Бандурина (Мищенко) Н.Х., кейінгі факультет декандары Омаров К.М., Жиенқұлов С.А., кафедра меңгерушілері, техника ғылымдарының кандидаттары, доценттер Кропанін С.С., Каримов Р.Г., Хожин Г.Х., Титаренко В.М., Братчиков В.Н., Ким Ги-Шен, техника ғылымдарының докторлары, профессорлар Тонконогий А.В., Новокшенов В.С., Журавлев В.К. т.б. факультеттің оқу үрдісін ұйымдастыруда, оқу-әдістемелік құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуде, оқу зертханаларының материалдық базаларын қалыптастыруда ерекше еңбек сіңірді.

1966 жылы алғашқы инженер-энергетиктер мен инженер-жылу энергетиктердің бітіруші түлектері дипломдарын алып, республикамыздың одақтық көлемдегі қарыштап дамыған өндіріс ошақтарына аттанды.

1969-1973 жылдары энергетика факультетінің деканы болып белгілі ғалым және қоғам қайраткері С.А. Жиенқұлов тағайындалды. Оның ұсынысымен 1970 жылы «Электр станциялары», ал

1971 жылы «Электр жүйелері мен тораптары» кафедралары ашылды. «Электр станциялары» кафедрасының меңгерушісі болып доцент Е.Г. Черкасов (1971-1973 жж.), кейіннен доцент Г.Х. Хожин (1973-1984 жж.) тағайындалады. Ал «Электр жүйелері мен тораптары» кафедрасының меңгерушісі болып (уақытша) доцент Комбаров М.Н., кейін доцент Арыстанов М.Ж. қызмет атқарған. Энергетика факультетін дамытудағы бұл қадамдардың барлығы жаңа оқу орнын ашуға бір табан жақындата түсті.

1968-1976 жылдары ҚазПТИ-дің ректоры Ә.Қ. Омаровтың іскерлігі мен ұйымдастырушылық шеберлігі нәтижесінде В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты Одақтағы техникалық жоғары оқу орындарының арасында алдыңғы қатарға шықты. Ірі кәсіпорындармен, ғылыми мекемелермен өзара тығыз байланыс орната отырып, болашақ мамандарды өндірістік және ғылыми-педагогикалық тәжірибеден өткізудің арқасында институт білікті инженер кадрларды дайындауға, ірі ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыруға қол жеткізді. Сонымен қатар ол болашақ энергетикалық жоғары оқу орнының негізін қалауға ерекше үлес қосты.

1970-жылдардың басында Қазақ политехникалық институтының энергетика факультетінің базасында Орта Азия аймағына қажетті энергетика институтын ашу мәселесі пісіп жетілген еді. Оған негіз болған Қазақстан өнеркәсібінің қарқынды дамуы барысында энергия көзіне сұраныстың артуы, 1960-жылдардың соңында әр блогы 500 МВт, жалпы қуаты 20 млн кВт-ты құрайтын Екібастұз жылу энергетикалық жүйесінің іске қосылуы, 300 МВт сегіз блоктан тұратын Ермаков ГРЭС (қазіргі Ақсу) салына бастауы, Кеңестер Одағының өнеркәсіптік аймақтары Орал және Орталық Ресейдің энергия жүйесімен тығыз байланысы жоғары білікті энергетик мамандар дайындаудың өткір қажеттілігін айқындады. КСРО-да қабылданған тоғызыншы бесжылдықтың (1971-1975) халық шаруашылығын дамыту жөніндегі директивалық құжаттарында жоғары оқу орындарында мамандар даярлау халық шаруашылығы мен ғылыми техникалық прогресс сұраныстарына сай болуы керек деген талаптар қойылды. КСРО Министрлер Кеңесінің 1974 жылдың 27 қаңтардағы № 666 қаулысына сәйкес және республикада энергетика саласы үшін мамандар даярлауды арттыру мақсатында Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1974 жылғы 4 қазанда № 526 қаулысы қабылданып, онда «Алматыда 1975 жылдың 1 қаңтардағы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының энергетика факультетінің базасында Алматы энергетика институты құрылсын», - деген шешім шығарылды. Осылайша еліміздегі энергетика және байланыс саласының инженерлерін даярлайтын іргелі техникалық жоғары оқу орнының іргетасы 1975 жылы қаланған еді. Осы қаулыға сәйкес Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы оқу министрлігі 1974 жылы 22 қазанда институт құру жайында № 732 бұйрығын шығарып, министрліктің сол жылдың 31 желтоқсанындағы № 903 бұйрығына сәйкес Алматы энергетика институтының ректоры болып техника ғылымдарының докторы, профессор қырық жастағы Альберт Васильевич Болотов тағайындалды [1].

Альберт Васильевич инженер-электрик мамандығы бойынша ауылшаруашылығы институтының (қазіргі ҚазҰАУ) 1957 жылғы түлегі. Еңбек жолын Қазақ Энерго ГРЭС-1 кәсіпорнында кезекші инженер қызметінен бастаған. 1958-1960 жылдары Қазақ КСР ҒА Алтай тау-металлургиялық ҒЗИ-дың кіші ғылыми қызметкері, 1960 жылдан В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтындағы (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ) қызметін аға инженерден бастап, бас инженер, плазмалық процестер зертханасының меңгерушісі, өнеркәсіп кәсіпорындарын электрмен жабдықтау кафедрасының меңгерушісі, 1971-1973 жылдары энергетика факультетінің деканы лауазымына дейін өседі. «Жалпы менің энергетика жоғары оқу орнына келуімнің өзі де күтпеген жағдай болды. Өзбекстаннан Қазақстанға келгенде профессор А.В. Бричкиннің қолдауымен плазмалық процесс жайлы ғылыми жұмысқа бет бұрған кезім... 1964 жылы кандидаттық диссертациямды қорғадым, қорытындысы бойынша докторлық атақ бермек болды. Мен оған қарсы болдым, ЖАК-ке хат жазып, басқа жоспарым барын айтып, докторлық дәрежеден бас тарттым», - деп еске алады профессор А.В. Болотов. Жас ғалымның ғылыми жаңалыққа толы зерттеу жұмыстары оны Одақ және шетел ғылымында кеңінен танымалдыққа жеткізді. Сондықтан да А.В. Болотовтың мол ғылыми тәжірибесі КСРО-да үшінші ашылған Қазақстандағы энергетикалық жоғары оқу орнының толық бейінді жұмыс істеуін ұйымдастыруды, энергетика және байланыс салаларының мамандықтары бойынша инженерлерді дайындауды, маңызды ғылыми зерттеулерді сәтті орындауды қамтамасыз етуге ұйытқы болды [2].

Институт ректоры Альберт Васильевичтің айтуынша, энергетикалық жоғары оқу орнын ашу бір күннің ісі емес, ол ұзақ дайындықтан өткен еді. «Бұл Одақтық деңгейдегі өзекті мәселе болды. КСРО-да энергетик мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындары Мәскеу мен Иванова да ғана бар

болатын. Олар мамандарды одақтық республикалардың кәсіпорындарына бағыттап дайындайтын. 1970 жылы КСРО Ғылым Академиясының Сібір бөлімінде докторлық диссертациямды қорғадым. Жұмыстың нәтижесі бойынша түрлі атақ-марапаттарға ие болып, мені шетелдерге дәріс оқуға шақыра бастады. Осылайша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің назарына іліндім. Кезекті іссапардан қайтып келісімен Орталық Комитетінің идеология хатшысы, кадр мәселесін үйлестіруші С.И. Имашев хабарласып, Қонаевтың қабылдауына шақыртты. Бұл кездесу менің болашақ тағдырымды айқындаған тарихи оқиға болды. Әлі есімде, кең кабинетіне кіргенімде Д.А. Қонаев орнынан тұра маған қарсы жүріп жылы қарсы алды. Жайғасқан соң менің халімді, жасап жатқан жұмыстарым жайлы, оның қорытындылары қайда кетіп жатқандығы, не үшін шетелдерге шақыру алатындығымды, алда қандай жоспарларым бары жөнінде сұрастырды. Ол кезде академик Сергей Павлович Королевтің космоста плазманы қолдану туралы ғылыми жобалар турасында ұсынысы бар еді. Мәскеуге жабық мекемелердің бірін басқаруға шақыру алғанымды айттым. Мұны естіген Дінмұхамед Ахметұлы орнынан тұрып кетті де ары-бері жүре бастады. Мен де соңынан ердім. Бір кезде тоқтай қалып: «ал, Сіз туралы Қазақстан ОК-тің басқа жоспары бар», - деді. Республикамызда экономикамыздың қарыштап дамуына байланысты энергетик мамандар даярлайтын жоғары оқу орнын ашу керектігін айтты. Мен болсам: «Дінмұхамед Ахметұлы, менің жоғары оқу орнында жұмыс тәжірибем жоқ. Трамвай жүргізу үшін маманды үш ай дайындайды. Ал мен бір күн де жоғары оқу орнында жұмыс істегем жоқ», - деп ойымды ашық айттым. Ол ойланып тұрды да, қолын бір сілтеп: «сенің қолыңнан келеді» деген шешімін айтты. Бұл кездесу менің өмірімдегі Қазақстандағы тұңғыш энергетикалық оқу орнын ашу бақыты бұйырған тарихи сәт болатын».

Осы кездесуден соң А.В. Болотов одақтық дәрежедегі плазмалық лабораторияны басқарумен қатар жоғары оқу орнына ауыстырылып, бірден кафедра меңгерушісі, көп ұзамай факультет деканы сайланғаны жөнінде шешім шығарылып, энергетика институтын ашу дайындықтары КазПТИ-дың энергетика факультеті негізінде қызу басталып кетті. Оған институт ректоры Әшім Құрамбайұлы Омаров ерекше қолдау көрсетті. «Екеуміз институттың құрылымы туралы жиі ақылдасатынбыз, жоғарыдан түскен әр шешімге байланысты ойын айтып, сенің өз шешімің қандай деп сұрайтын. Тіпті ол Ғылыми Кеңестің жұмысын қалай ұйымдастыру керектігіне шейін мені үйретіп отыратын», - дейді Болотов А.В. Әсіресе оқу ісінің проректоры Ғабдолла Нысанбайұлы Нысанбаевтың айрықша қамқорлық жасағанын еске алады.

1974 жылдың соңына дейін Энергетика институтын құрудың негізгі жұмыстары аяқталған болатын. Мамандық бойынша білімін шыңдайтын кафедралар мен зертханалар, факультеттер, ректорат, олардың бөлімдері ұйымдастырылды. Мамандарға тапсырыс беретін кәсіпорындармен байланыс орнатылды. Жаңа ғылыми зертханалар құрылып, ғылыми топтар жасақталды. Оқитын студенттердің саны белгіленіп, көшірілді. Сабақ беретін профессор-оқытушылардың құрамы да іріктелген еді. 1975 жылы 1 қаңтарда КазПТИ-дің студенттер мен оқытушыларға лық толған акт залында Алматы энергетика институтының ашылу рәсімі салтанатты түрде өтті. Ашылу рәсіміне Қазақстанның Орта және жоғары арнаулы оқу министрі Тұрғанбек Катаевич Катаев қатысып, институт ректоры Александр Васильевич Болотовқа жаңа оқу орнының кілтін табыстады. Жиында Орталық Комитет өкілдері, өндіріс басшылары құттықтау сөздерін айтып, жаңа оқу орнына ақжол тілектерін жолдады. Осылайша КСРО-да одақтық көлемде Мәскеу және Ивановадан кейінгі кәсіби энергетик мамандар даярлайтын үшінші энергетикалық жоғары оқу орны дүниеге келді.

Жаңа ашылған оқу орны қазіргі АЭЖБУ-дің «Б» ғимаратында орналасты. «А» ғимаратының құрылысы жүріп жатты. Қосымша институтқа шаруашылық нысандары беріліп, жер аумағы кеңейтілді. Студенттерге арналған №1 жатақхана салынып пайдалануға берілді. Оған қоса «Орбита» шағын ауданынан жатақхананың құрылысы басталды. Бір жылдан соң «А» ғимаратының құрылысы толық аяқталған болатын. Оның барлығы КСРО Энергетика министрлігінің, Қазақстан Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағалары Тауфик Галеевич Мухамед-Рахимов, Калык Абдуллаевич Абдуллаев, Ахметбеков Марат Утеинович, Энергетика министрі Тимофей Иванович Батуров, орынбасары Булат Газисович Нуржанов, Байланыс министрінің орынбасары Казыкен Базылович Базылов, Қорғаныс министрлігі, республикалық салалық министрліктер және Қазақстанның сол кездегі үкімет басшысы Әшімов Бәйкен Әшімұлының тікелей қолдауымен қысқа мерзімде жүзеге асырылған шаруалар болатын.

Институттың алғашқы маңызды құжаттары А.В. Болотов 1974 жылдың 30 желтоқсанынан ректорлық қызметіне кіріскен күннен кадрларды іріктеуден басталады. Институт қызметінің жекелеген салалары бойынша ректордың ең жақын көмекшілері саналатын оқу ісі жөніндегі, ғылыми жұмыс бойынша, кешкі және сырттай оқу бөлімдері, әкімшілік – шаруашылық проректорларына

үміткерлерді республиканың жоғары оқу орындары министрлігіне хатпен хабарлады. 1975 жылдың 14 ақпанында ректор А.В. Болотовтың № 12 бұйрығымен техника ғылымдарының кандидаты, доцент Марат Жүсіпұлы Арыстанов оқу ісі жөніндегі проректор, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Әбидулла Өмірәев ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Кәміл Байұзақұлы Ермекбаев кешкі және сырттай оқу жөніндегі проректор, Керімтай Нұркерімұлы Бәйімбетов әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі проректор қызметіне тағайындалды [3].

Студенттермен оқу-әдістеме, тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді жетілдіріп, ұйымдастыру және мамандар дайындаудың сапасын жақсарту мақсатында Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы оқу министрі Т.К.Катаевтың (бұдан әрі Қазақ КСР ЖОО министрлігі) 1975 жылдың 14 ақпанындағы № 113 бұйрығымен институт қабырғасында келесі факультеттер ашылды:

1. Жылу энергетикасы
2. Электр энергетикасы
3. Электр механикасы
4. Электр техникасы
5. Кешкі және сырттай оқу [4].

Ректор А.В. Болотов декандарды және олардың орынбасарларын іріктеп тағайындауда ғылыми атақ-дәрежелерін, оқу-әдістемелік тәжірибелерін, ұжыммен жұмыс істей білу қабілеттерін және т.б. қасиеттерін ескеріп отырды. Осындай көрсеткіштерге орай техника ғылымдарының кандидаттары Жігер Айтқазұлы Дәйірбеков, Геннадий Викторович Стульников, Георгий Оскарович Маркус, Жүнісбек Құсанбекұлы Әміров, Гамиль Ходжаевич Хожин сәйкесінше жылу энергетикасы, электр энергетикасы, электр механикасы, электр техникасы, кешкі және сырттай оқу факультеттерінің декандығына тағайындалды. Бұлар жаңа құрылған Алматы энергетика институтының алғашқы декандары еді.

Қазақ КСР ЖОО министрінің 1975 жылдың 6 наурызындағы № 171 бұйрығымен 1975 жылдың 10 наурызынан бастап Алматы энергетика институтында 22 кафедра өз жұмысын бастады. Олардың құрамы техникалық білім беретін және жалпы білім беретін кафедралардан тұрды [5].

Атап айтқанда:

- 1) СОКП тарихы және саяси экономия
- 2) Маркстік-лениндік философия және ғылыми коммунизм
- 3) Жоғары математика
- 4) Физика
- 5) Химия
- 6) Шетел және орыс тілдері
- 7) Дене шынықтыру және спорт
- 8) Қолданбалы механика
- 9) Жалпы жылу техникасы
- 10) Сызба геометрия және графика
- 11) Электр техникасының теориялық негізі
- 12) Еңбек қорғау
- 13) Электрді өлшеу және қолданбалы электр техникасы
- 14) Электр жетегі
- 15) Өнеркәсіп кәсіпорындары мен қалаларды электрмен қамтамасыз ету
- 16) Электр станциялары мен кіші станциялар
- 17) Жоғары қысым техникасы
- 18) Электр желілері және жүйелері
- 19) Жылу энергетика қондырғылары
- 20) Электр машиналары
- 21) Экономика және энергетиканы ұйымдастыру
- 22) Азаматтық қорғаныс курсы

Кафедралар факультеттердің кәсіби мамандар даярлаудағы ерекшеліктеріне орай факультеттерге бөлініп, факультеттердің құрылымында оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбие жұмысын ұйымдастыруды қолға алды, оқытудың мазмұнын байыту, сапалы мамандар дайындауда тиімді бағыт ұстанды.

Жылу энергетикасы факультетінің құрамында келесі кафедралар жұмыс жасады:

- 1) Жылу энергетика қондырғылары
- 2) Экономика және энергетиканы ұйымдастыру

- 3) Жалпы жылу техникасы
- 4) Химия және материалтану
- 5) Шетел және орыс тілдері

Электр энергетикасы факультетінің құрамына:

- 1) Өнеркәсіп кәсіпорындарын, қалалар мен ауыл шаруашылығын электрмен жабдықтау
- 2) Электрді өлшеу және қолданбалы электртехника
- 3) Жоғарғы математика.
- 4) Физика
- 5) Еңбек қорғау кафедралары енді.

Электр механикасы факультетінің құрамына:

- 1) Электр станциялары және кіші станциялар
- 2) Электр жетегі және өнеркәсіп қондырғыларын автоматтандыру
- 3) Электр машиналары
- 4) Қолданбалы механика
- 5) Дене шынықтыру кафедралары кірді.

Электр техникасы факультетіне:

- 1) Электр жүйелері және желілері
- 2) Электр техникасының теориялық негіздері
- 3) Сызба геометрия және графика
- 4) Жоғарғы кернеу техникасы кафедралары берілді.

Жалпы институттық кафедралардың қатарын:

- 1) СОКП тарихы және саяси экономия
- 2) Маркстік-лениндік философия және ғылыми коммунизм
- 3) Азаматтық қорғаныс курсы кафедралар құрады.

Факультеттер жанынан әкімшілік жұмыспен айналысатын деканаттардың қызметі ұйымдастырылды. Факультеттердің декандары оқу-әдістеме, ұйымдастыру және тәрбие жұмыстарында үлкен тәжірибелері бар доценттер еді. Әр факультетте декандардың төрағалығымен өтетін кеңестер құрылды.

Факультет институттың оқу-ғылыми және әкімшілік бөлімі ретінде кәсіби бағыттағы кафедраларды, жалпы білімдік және жалпы инженерлік кафедраларды біріктірді. Мұндай арақатынас Алматы энергетика институты факультеттерінде қоғамдық-гуманитарлық кафедраларды тепе-тең бөлуге мүмкіндік берді, қоғамдық-саяси және тәрбие жұмыстарын ұтымды жүргізу үшін қажетті жағдайды қамтамасыз етті. Институт факультеттерінің құрамында 50-ден 100-ге жуық студенттік топтар және штат кестесі бойынша 218 оқытушылар болды. Оқытушылардың сапалық көрсеткіші төменде 1-кестеде көрсетілген.

	Атқаратын қызмет атағы	Штат кестесі бойынша	1 маусымдағы нақты саны		Ғылыми атақ дәрежесі бойынша	
			1975	1976	1975	1976
	Кафедра меңгерушісі:					
	а) профессорлар	2	2	2	2	2
	б) доценттер	10	10	13	10	13
	в) аға оқытушылар	9	9	7	6	6
	Кафедра профессорлары					
	Кафедра доценттері	39	38	34	30	33
	Аға оқытушылар	64	53	63	18	19
	Ассистенттер	56	35	53	2	4
	Оқытушылар	38	24	36	-	-
Барлығы:		218	171	208	68	77

1 кесте – Оқытушы-профессорлардың сапалық көрсеткіші

Деканаттардың құрамына деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, хатшысы, студенттік топтардың кураторлары кірді. Барлық оқу және тәрбие

жұмыстарын деканаттың қызметкерлері дәрісшілермен, топтарда практикалық сабақ жүргізетін оқытушылармен, факультеттердің, курстардың және студенттік топтардың партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарымен тығыз байланыста жүргізді.

Деканаттар факультет мамандықтарының оқу жоспарын қарастырып, оқу жұмысын ұйымдастырды, тікелей оқу сабақтарының, емтихандардың және т.б. кестелерін, құжаттарын дайындауға тікелей атсалысты. Олар семестрдегі оқу процесінің барысын бақылады, емтихан сессиясын және өндірістік практиканы, дипломдық жобаларды ұйымдастырды, мемлекеттік емтихан комиссиясын құрды, жатаханаларда студенттер кеңестерінің қызметіне де басшылық жасады, стипендия бөлуді қарастырды, студенттерді семестрден семестрге көшірді, студенттердің жеке құжаттарын реттеумен айналысты.

Институт өзінің кадрлар мен материалдық-техникалық әлеуетін ескеріп 1975-1976 оқу жылынан бастап инженерлер даярлауды келесі мамандықтар бойынша жүзеге асырды:

- 1) ЭС - 0301 - электр станциялары
- 2) ЭЖЖ (ЭСС) - 0302- электр желілері және жүйелері
- 3) ӨКЭЖ (ЭПП) - 0303 - өнеркәсіп кәсіпорындарын, қалалар мен ауыл шаруашылығын электрмен қамтамасыз ету
- 4) ЖЭС (ТЭС) - 0305 - жылу электр станциялары
- 5) ЭЭ- 0315- электр энергетикасы
- 6) ЭЖӨҚА (ЭАПУ) - 0628 - электр жетегі және өнеркәсіп қондырғыларын автоматтандыру
- 7) ҚЭТ (ГЭТ) - 1605 - қала электр транспорты
- 8) ЭЭҰ (ЭОЭ) - 1707 - Экономика және энергетиканы ұйымдастыру.

Мұрағат құжаттары 1975 жылы институтта жоғарыда аталған бөлімдермен қатар оқу үрдісін ұйымдастыратын 15 әкімшілік бөлімнің құрылып өз функционалдық міндеттерін атқаруға кіріскендігін көрсетеді.

АЭИ-дің аяғынан тік тұрып кетуі кадрлардың өз функцияларын ұтымды атқаруына байланысты екендігін түсінген ректор А.В. Болотов 1975 жылдың 14 ақпанында № 13 бұйрығын шығарып, әр проректордың, декандар мен олардың орынбасарларының, оқу бөлімінің бастығының негізгі міндеттерін белгілеп бекітті және жұмыс барысында сол міндеттердің мүлтіксіз орындалуын талап етіп, қадағалады [6].

Институттың саяси-қоғамдық өміріне бағыт беруші қоғамдық ұйымдар құрылды. М.К. Дүйсебаев партия бюросының хатшысы, М.И. Пак кәсіподақ комитетінің төрағасы, В. Таланов комсомол комитетінің хатшысы болып сайланып, қоғамдық саяси жұмыстарды жандандырды.

Ректораттың құрамына ректор және проректорлармен қатар партия және комсомол ұйымының хатшылары, оқытушылар, жұмысшылар мен қызметшілер және студенттердің кәсіподақ ұйымдарының төрағалары кірді. Институт басшығымен қоса декандар мен кафедра меңгерушілерінен тұратын Ғылыми кеңес құрылды. Осылайша Алматы энергетика институтында - ұжымдық басшылық жасау қалыптасты.

Алғашқы 1975 жылы Алматы энергетика институтының ашылуы барысында жоғарыда аталған кафедра меңгерушілері ректордың бұйрығымен тағайындалып қызмет атқарды. Олардың қатарында Хожин Г.Х., Тонконогий А.В., Выпозова М.Н., Новокшенов В.С., Журавлев В.К., Тұрғанбаев И.Т., Митин Ю.С., Көпесов Н., Тихомиров Б.П., Дүйсебаев М.К., Иванов Э.А., Родыгин А.А., Богородский С.В., Тобаяқов Ж.О., Калинина Н.Н. және т.б. болды. Кафедраларда 214 профессор-оқытушылар жұмыс істеді. Сол оқу жылы бос орынға (вакансия) сайлау жүйесі қалпына келтіріліп, бекітілген штат бойынша 128 оқытушы-профессорлар сайлаудан өтті. Олардың ішінде 12 – кафедра меңгерушісі, 17 – доцент, 39 – аға оқытушы, 60 – ассистенттер мен оқытушылар штаттық қызметке сайланды [7]. Бұдан кейінгі жылдарда да штатта бекітілген бос орынға сайлау тәртібі оқытушыларды таңдап, құрамын жақсартуға және білім беруді күшейтуге ықпал еткен маңызды факторға айналды.

Институттың профессор-оқытушылар құрамымен толықтырылуы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтымен жасалған келісім-шарт бойынша жүргізіліп, топ-тобымен, жекелей де Алматы энергетика институтына ауысты. Осылайша профессор-оқытушы кадрлар құрамы жылдан жылға ұлғайып, олар лауазым атағына қарай жіктелді. Профессорлар мен оқытушылар құрамы 1976 ж. - 215, 1977 ж. - 233, 1978 ж. - 255, 1979 ж. - 285 адамды құрады [8].

Бұдан кейінгі жылдары институттағы ғылыми, педагогикалық кадрлардың қатары біліктілікті арттыру факультетінде және аспирантурада оқыту арқылы жетілдіріліп отырды. Олар кафедралардың кәсіби бағыты бойынша маманданып, өндірістен қол үзіп және қол үзбей оқыды. 1976-1977 оқу жылдарында аспирантураның осы екі формасында 50 адам білім алды. Оның 26-сы институт

қызметкерлері, 18-і өнеркәсіп кәсіпорындары мен ғылыми зерттеу институттары, 2-еуі басқа жоғары оқу орындары (ЖОО) қызметкерлері, 2-еуі жас маман мен тағылымгер еді. Ұлттық құрамы жағынан 27 орыс, 13 қазақ, қалғандары белорустар, татарлар, кәрістер және т.б. ұлт өкілдері болды. Олардың 3-еуі әйел адам болған.

1976 жылы институттың ғылыми-зерттеу тағылымдамасында 18 тағылымгер-зерттеуші оқыды. Аспиранттардың ғылыми зерттеуіне 13 ғылым кандидаттары мен 2 ғылым докторы жетекшілік етті [9].

Білім беруді ғылыммен ұштастыруға бағыт алынды. Дәрісханалық топтық сабақтардың барлық түрінің мақсаты (семинар, зертханалық жұмыстар, дәрісханалардағы практикалық сабақтар және т.б.) дәрістерде баяндалған материалдарды кеңейту, тереңдету және бекітуге негізделді. Сондықтан институтта топтық сабақтардың тиімділігін арттыруға көп көңіл бөлінді.

Жоғарғы оқу орындары жұмысының бірден-бір негізгі қағидасы оқытуды өндірістік қызметпен ұштастыру болатын. АЭИ құрылған күнінен бұл мәселеге айрықша маңыз берді. Өндірістік практиканың тиімділігін әрдайым арттырып отыру үшін институт өндірістік практиканың базасы ретінде еліміздің алдыңғы қатарлы, заманауи кәсіпорындарын таңдады. Практикаға жетекшілік ету өндірісті жақсы білетін тәжірибелі оқытушыларға жүктелді. Өндірістік практикалық типтік бағдарламасы ғылым мен техниканың қазіргі жай-күйін, экономика мен еңбекті қорғау мәселелерін бейнеледі. Болашақ мамандарды қалыптастыруда қоғамдық-саяси практика да белгілі бір рөл атқарды. Практиканың бұл бөлігі әрбір студенттің өндіріс ұжымдарында ұйымдастыру және қоғамдық-саяси жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастырып, білімін тәжірибеден өткізуге мүмкіндік беретін. Сондай-ақ сәйкесінше, сырттай және кешкі бөлімдерде өндірістен қол үзіп оқитын студенттердің терең теориялық білім алуы үшін оқу процесін жақсарту шаралары қабылданды. 1975-1976 оқу жылында институтта, жалпы студенттердің саны 2852-ні құрады.

Факультеттер	Студенттер саны
Электр энергетикасы	711
Жылу энергетикасы	483
Электр техникасы	432
Электр механикасы	358
Сырттай бөлім	868

2 кесте - Факультеттер бойынша студенттердің саны

Студенттер өздерінің құрамы жағынан түрлі әлеуметтік топтардың: жұмысшы, колхозшы, зиялы қауым өкілдері болды.

Институттағы студент жастардың қатары жыл сайынғы талапкерлердің оқуға түсуімен көбейді. Мұны төмендегі кестеден байқауға болады:

Оқу жылдары	Студенттер саны
1976-1977	2137
1977-1978	2305
1978-1979	3982
1979-1980	3985
1988-1989	4817
1989-1990	4716
1990-1991	4720

3 кесте - Талапкерлер санының өсу көрсеткіші (ҚР ОММ-ның 2217 қор мәліметтері пайдаланылды.)

Кесте мәліметтері алғашқы 1976-1977 оқу жылы мен тәуелсіздік қарсаңындағы 1990-1991 оқу жылы аралығындағы институтқа оқуға түсуге ниет білдірген талапкерлер санының жыл сайын өсіп, оның екі еседен артқанын көрсетеді.

Жоғары оқу орнына оқуға түсуге ниет білдірген жастарды, мектеп түлектерін оқуға тарту мақсатында институт «ашық есік күндерін» өткізді, орталық мерзімдік басылымдар «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Вечерняя Алма-Ата» және т.б. газеттерде жарнама берді, өндірістік практикаға барған студенттер кәсіпорындардың қызметкерлері мен жұмысшыларына өз институты туралы мәліметтер таратып, оқуға шақырды.

Алматы энергетика институтына түсіп білім аламын, энергетик - инженер боламын деуші жастарға дайындық курсы (ДК) үлкен көмек көрсетті. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1975 жылғы 26 тамыздағы № 621 жарлығын орындау үшін Қазақ КСР ЖОО министрінің 1975 жылы 1 қыркүйектегі № 582 бұйрығымен Алматы энергетика институтында дайындық курсы ашылды. Ол 1975-1976 оқу жылына және одан кейінгі жылдары да 100 адамнан қабылдап отырды [10].

Олар өндірістен кол үзіп 3 ай, 6 ай, 8 ай бойы дайындықтан өтті. ДК тындаушылары түсу емтихандарын табысты тапсырған жағдайда институттың күндізгі бөліміне оқуға түсу мүмкіндігіне ие болды. Алматы энергетика институты өндірістен келушілерді қабылдау мен оқытуда айтарлықтай тәжірибе жинақтады, оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын жасады, әдістеме құралы дайындалып баспадан шығарылды, тұрақты тәжірибелі оқытушылар құрамы қалыптасты.

Дайындықтың күндізгі оқыту формасымен қатар 1983 жылдан бастап кешкі дайындық бөлімі жұмыс істей бастады. Сондай-ақ институт қабырғасында республикадан тыс жерде оқыту жоспарына сәйкес Мәскеу, Ленинград ЖОО дайындық курстарына қабылдау жүзеге асырылды.

АЭИ филиалдарының ашылуы да институт дамуындағы жаңа қадам болды. 1977 жылы 15 тамызда ректордың № 268 бұйрығымен Өскемен қаласында Алматы энергетика институтының жалпы институттық факультеті ашылды, бұған негіз болған Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің энергетик мамандарды дайындауды олардың болашақ жұмыс орындарына жақындату ұсынысы негіз болды [11]. Дәл осындай себеппен Целиноград қаласында (қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы) жалпы институттық факультет ректордың № 32 бұйрығымен 1981 жылы шілдеде ашылды [12].

Бұл факультеттер (филиал) қалыптасу кезеңін басынан өткерді. Институт кафедралары облыстық бөлімшелерге үлкен көмек көрсетті. Көмек негізінен оқу, әдістеме, ғылыми және ұйымдастыру бағыттарын (дәрістер, оқу, дипломдық жобалаулар, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындау, зертханалық база құру, студенттердің практика өтетін базасын бекіту, ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындау, мемлекеттік емтихан комиссиясы (МЕК) жұмысына қатынасу) қамтыды. Факультеттер (филиал) құрылып таратылғанға дейінгі кезең аралығында халық шаруашылығына қажетті мамандар дайындауға өз үлестерін қосып, олардың түлектерінің басым бөлігі Солтүстік Қазақстан және Целиноград (қазіргі Ақмола) облыстарының кәсіпорындарында жемісті еңбек етті.

Қорытынды

Осылайша 1975 жылы жаңа ашылған жоғары техникалық оқу орнының жас ұжымы құрамының қажырлы еңбегінің арқасында жаңа факультеттер, бітіртуші кафедралар мен зертханалар, қоғамдық кафедралар мен әкімшілік қызметтер ұйымдастырылды. Мамандарға тапсырыс берушілердің кәсіпорындарымен байланыс орнатылды, жаңа ғылыми зертханалар мен ғылыми топтар құрылды, жаңа мамандықтар ашылды. Факультеттердің (филиал) кафедралары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді, ғылым мен өндірісті байланыстырды. Кәсіпорындардың тапсырысымен орындалған ғылыми зерттеу жұмыстарының көлемі де айтарлықтай болды. Аспиранттар КСРО-ның орталық жоғары оқу орындарында дайындауға келісімдер жасалынды. Институт Орта Азиядағы жетекші жоғары оқу орындарының біріне, яғни КСРО-дағы үшінші энергетикалық институтқа айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- [1] Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚРОМА), 1982 қор, 1(пр), 2161 іс, 66 парақ.
- [2] Болотов Альберт Васильевич. Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 2014. - 69 б.
- [3] ҚРОМА, 2217 қ, 1-т, 1-іс, 2 п.
- [4] Бұл да сонда, 1989-қ, 1-т, 2387-іс, 62 п.
- [5] Бұл да сонда, 1982-қ, 1-т, 2288-іс, 55-56 п.п.
- [6] Бұл да сонда, 2217-қ, 1 т, 1 іс, 13-15 п.п.
- [7] Бұл да сонда, 1982-қ, 1-т, 2288-іс, 50 п.
- [8] Бұл да сонда, 2217-қ, 1 т, 42-іс, 25 п.
- [9] Бұл да сонда, 2217-қ, 1-т, 5-іс, 8 п.
- [10] Бұл да сонда, 1982-қ, 1-т, 2294-іс, 1 п.
- [11] Бұл да сонда, 2217-қ, 1 (қосымша)-т, 91-іс, 53 п.
- [12] Бұл да сонда, 2217-қ, 1-т, 354-іс, 177 п.

REFERENCES

- [1] Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, 1982 fund, 2161 case, 66 pages.

- [2] Bolotov Albert Vasilyevich. Bibliographic index. - Almaty, 2014. - 69 p.
- [3] CSA of R, 2217 fund, 1 list, case 1, 2 p.
- [4] It is the case the same, 1989 fund, 1 list, case 2387, 62 p.
- [5] It is the case the same, 1982 fund, 1 list, case 2288, 55-56 p.p.
- [6] It is the case the same, 2217 fund. 1 list, case 1, 13-15 p.p.
- [7] It is the case the same, 1982 fund, 1 list, case 2288, 50 p.
- [8] It is the case the same, 2217 fund, 1 list, case 42, 25 p.
- [9] It is the case the same, 2217 fund, 1 list, case 5, 8 p.
- [10] It is the case the same, 1982 fund, 1 list, case 2294, 1 p.
- [11] It is the case the same, 2217 fund, 1 list (supplement), case 91, 53 p.
- [12] It is the case the same, 2217 fund, 1 list, case 354, 177 p.

ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ АЛМАТИНСКОГО ИНСТИТУТА ЭНЕРГЕТИКИ

Б.Ж. Кабдушев*, М.Д. Дакинов, С.Х. Байдилядина*

Некоммерческое акционерное общество «Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукева», г. Алматы, Казахстан
e-mail: b.kabdushev@aes.kz e-mail: s.baidildina@aes.kz

***Аннотация.** В статье говорится, что Алматинский энергетический институт был создан как факультет в КазПИ, а затем как отдельное высшее техническое учебное заведение. Рассматривается деятельность личностей, которые внесли свой вклад в его становление, от заведующих кафедр до крупных государственных деятелей Республики Казахстан. Представлена информация из архивных документов об организации факультетов, кафедр, администрации и зачислении студентов по специальностям. Описывается работа по открытию лабораторий, подготовительных курсов для поступления в ВУЗ и производственных практик на предприятиях. Также рассматривается открытие филиалов института в городах Целиноград и Ускемен. Отмечается, что за короткое время АЭИ стал одним из ведущих университетов в Средней Азии и третьим энергетическим институтом в СССР.*

***Ключевые слова:** КазПИ, энергетический факультет, теплоэнергетика, кафедра, лаборатория электрических машин, производственное обучение.*

THE HISTORY OF FOUNDATION OF ALMATY INSTITUTE OF POWER ENGINEERING

B.Zh. Kabdushev *, M.D. Dakenov, S.Kh. Baydildina*

Non-profit joint-stock company "Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeev", Almaty, Kazakhstan
e-mail: b.kabdushev@aes.kz s.baidildina@aes.kz

***Abstract.** The Institute of Power Engineering was established as a faculty at KazPI and then as a separate Higher Technical Institute. It deals with the individuals who contributed to the foundation of the Institute including the Heads of the departments and the statesmen of the Republic of Kazakhstan. The information is given based on the archival documents on the organization of the faculties, departments, administration and enrollment of the students by the specialities. It describes the work on the opening of the laboratories, preparatory courses for the admission of the students and the organization of the industrial training at the enterprises. The opening of the new branches of the institute in the cities of Tselinograd and Uskemen is also stated. It is noted that in a short time the AEI has become one of the leading universities in the Central Asia and the third Institute of Power Engineering in the USSR.*

***Key words:** KazPTI, faculty, Heat Power Engineering, department, laboratory of the electrical machines, Industrial training.*



ВОПРОСЫ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ, ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

УДК 004.93`12

ПАЙДАЛАНУШЫЛАР РЕЙТИНГТЕРІН ТАЛДАУ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ МОДУЛІН ЖАСАУ

Г.Т. Балакаева, Қ.А. Ақмырзаева*

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
e-mail: akmyrzayeva.aizhan@mail.ru

***Аңдатпа.** ЖОО-ның қызметін индикативтік жоспарлау және рейтингтік бағалаудың ақпараттық жүйесін әзірлеу және енгізу, ЖОО-ның ішкі бизнес-үдерістерін біріктіруге мүмкіндік беретін икемді және ауқымды ақпараттық жүйені құру болып табылады. Сонымен қатар, мониторинг пен талдауды жүзеге асыру, нәтижелерге негізделген басқару тұжырымдамасында орта мерзімді индикативті жоспарлауды ұйымдастыруды және профессорлық-оқытушылық құрамының, кафедралар мен факультеттердің қызметіне ішкі рейтинг беру. Бұл жүйе жоғары оқу орнының ғылыми-білім беру қызметінің орта мерзімді индикативтік жоспарын және профессор-оқытушылар құрамының, кафедралар мен факультеттердің рейтингін қалыптастыруға және талдауға арналған.*

***Түйін сөздер:** Рейтинг, анализ, мониторинг, индикативті жоспар*

Кіріспе. Жоғары оқу орнының қызметін бағалау көрсеткіштерінің көптігімен, қарқынды өзгеретін сыртқы ортамен, жаһанданумен және білім беру нарығында өткір бәсекелестіктің болуымен сипатталатын қазіргі жағдайларда жоғары оқу орнын басқару мәселелері шиеленісіп, білім беру сапасын арттыру, оқытудың Құзыретті үлгілерін іске асыру және нәтижеге бағдарланған басқару жүйесін құру міндеттері өзекті болып отыр.

Әдістеме бес жұмыс түрінен (оқу, ғылыми, енгізу, ғылыми-әдістемелік және мәдени-тәрбие) оқытушының лауазымдық жалақысының бюджеттік бөлігін қалыптастыруға негізделген. Рейтингті есептеу базасы ретінде ғылыми - педагогикалық қызметкер үшін 1548 сағат (258 алты сағаттық жұмыс күні) жылдық уақыт бюджеті қабылданды. Жұмыстың әрбір түрі үшін оларды орындаудың жоспарланған уақыты белгіленген. Бұл ретте оқытушы күнтізбелік жыл ішінде орындауға міндетті оқу жұмысының үлесі уақыт бюджетінің 58% – ын құрайды; ғылыми жұмыс-13 %; мемлекеттік бюджеттік және шаруашылық келісім-шарттық ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін өндіріске енгізу бойынша жұмыстар-9 %; ғылыми-әдістемелік жұмыс – 11%; мәдени-тәрбие жұмысы – 9%. Украинаның Ұлттық Аграрлық университеті оқытушы үшін жүктеменің әр түрінің үлес салмағын арттыруды немесе азайтуды қарастырады, бірақ барлық қызмет түрлеріне жалпы жүктеме кем дегенде 1548 сағатты құрауы керек, бұл жалақының бюджеттік бөлігін алудың қажетті шарты болып табылады.

Директивті басқару моделі-бұл басқару субъектісі бастаған жүйенің берілген параметрлерге сәйкестігін бағалау тәртібі. Басқару субъектісі өзі бағалау субъектісі ретінде әрекет етеді. Модель объектілік қатынастармен, үлкен күш қашықтығымен және тікелей ақпараттық ағындармен сипатталады. Бұл ретте басқару объектісі бағалау объектісімен, ал басқару субъектісі бағалау субъектісімен сәйкес келеді[1].

Директивті басқарудың мысалы ретінде сыртқы бақылаудың дәстүрлі формасын келтіруге болады. Бақылаудың бұл түрі үшін анықтайтын принциптер:

- кіріс көрсеткіштерін регламенттеу және қызмет нәтижелері туралы ақпарат жинау;
- қызметтің барлық аспектілерін мерзімді бақылау стратегиясы, "ережесіз ойын".

Бағалау алгоритмін басқару субъектісі белгілейді және, әдетте, кең қоғамдық талқылау мен өзгерісті білдірмейді. Бағалау рәсімін тікелей орындаушылар ретінде басқару субъектісінің (басқару органдарының) өкілетті өкілдері қатысады.

Бағалау тәртібі әдетте үш кезеңнен тұрады:

- жоспарлау (жоспардан тыс рәсім де болуы мүмкін);
- өзіндік бағалау (жергілікті жерлердегі бақылау);
- қорытынды шығару.

АҚШ-тағы мұғалімдердің жұмысын бағалау оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады және АҚШ университеттері мен колледждеріндегі бөлім басшысының ең қиын және маңызды қызметтерінің бірі болып табылады.

Бұл міндетті шешу ЖОО - ның бәсекелестік ұстанымдарын күшейтуге және берілген көрсеткіштерге қол жеткізуге, факультеттер, кафедралар мен бөлімшелер бойынша соңғы орындаушыларға - профессор-оқытушылар құрамына (ПОҚ) шығатын көрсеткіштердің декомпозициясына бағытталған нақты жоспарлауға негізделуі тиіс. Бұл жағдайда ЖОО-ның ақпараттық жүйесінің басқару шешімдерін қабылдау үшін қол жеткізілген көрсеткіштер мониторингі құралы және деректер генераторы ретіндегі рөлі күрт артады[2].

Бағалау технологияларының сапа көрсеткіштерін бөлу және құралдары пайдаланылған бағалау технологиялары бойынша кесте құруға және мұғалімдердің кәсіби қызметінің сапасын бағалау үдерісінде оларды қолдану перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Кәсіби қызмет сапасын бағалау технологияларын салыстыру 1-кестеде көрсетілген:

Технологияның аты	Бағалау технологиясының оның принциптеріне сәйкестігінің көрсеткіштері	Технологияның сенімділік көрсеткіштері	Мәселелерді шешудің технологиясын ұсыну көрсеткіште-рі	Технологияның жиынтық сапа көрсеткіштері
Рейтингтік бағалау	0,9	0,7	0,43	0,67
Сараптамалық бағалау	1	0,8	1	0,93
Өзін-өзі бағалау	0,6	0,5	0,5	0,53
Студенттерді бағалау	0,6	0,6	0,05	0,4

1-кесте. Кәсіби қызмет сапасын бағалау технологиялары

Кестеден көрініп тұрғандай, ең жоғары мүмкіндіктер сараптамалық және рейтингтік бағалау технологияларына ие. Бұл қазіргі кездегі технологияларды ең перспективалы етеді және оларды университеттегі профессорлық-оқытушылық құрамының кәсіби қызметінің сапасын бағалауға ұсынуға мүмкіндік береді [3].

Модельдер. Модельдің мысалы Метфессель мен Михаэль ұсынған "Eight-stage evaluation process" (сегіз сатылы модель) болып табылады:

- бағалау рәсіміне бүкіл ұжымды және білім беру үдерісіне қатысы бар адамдарды тарту; мақсаттар мен ерекше міндеттерді айқындау;
- ұжымды бағалау үдерісіне дайындау және насихаттау;
- өлшеу құралдарын таңдау;
- педагогикалық өлшеу жүргізу;
- алынған нәтижелерді талдау;
- нәтижелерді түсіндіру (салыстыру, корреляция және т. б.);
- бағдарламаны жетілдіру және мақсаттар мен міндеттерді түзету үшін ұсынымдар ресімдеу.

«Индикативті жоспар» ішкі жүйесі жоспарлау мен бақылаудың негізгі міндеттерін орындайды, «ПОҚ рейтингісі» оқытушылардың ғылыми және білім беру қызметін бағалайды, ал «Талдау» ішкі жүйесі аккредиттеу көрсеткіштері мен ұлттық рейтингтердің талаптарын қанағаттандыратын бекітілген кешенді индикаторларға сәйкес университеттің жағдайын диагностикалау деректерін алуға мүмкіндік береді [4].

